

#Жолдау2022

Конституциямыздың ұлағатты ұстанымдары экономикалық дағдарыстарды батыл еңсеріп, болашаққа сеніммен қадам басуымызға жол ашады.

Қасым-Жомарт ТОҚАЕВ.

МЕМОРАНДУМ



АУА САПАСЫ ЖАҚСАРАДЫ

3

БІЛІМ



АЛМАТЫ БІЛІМ САЛАСЫ БОЙЫНША КӨШ БАСТАП ТҮР

3

ЖАҢА ҚАЗАҚСТАН



АЙБАРЫ АСҚАҚ АТА ЗАҢ

6-7

KAZHYDROMET.KZ

Алматы қаласы бойынша ауа райы болжамы (бүгін және ертең)

27.08.2022

Түнде:



+12+14 °C

Көшпелі бұлтты, жауын-шашынсыз.

Күндіз:



+26+28 °C

Көшпелі бұлтты, жауын-шашынсыз.



Желдің жылдамдығы: 2-7 м/с

28.08.2022

Түнде:



+11+13 °C

Көшпелі бұлтты, жауын-шашынсыз.

Күндіз:



+27+29 °C

Көшпелі бұлтты, жауын-шашынсыз.



Желдің жылдамдығы: 2-7 м/с

МЫҢ ЖАСАҒАН ШАҺАРДЫҢ ШАМШЫРАҒЫ



Газет 1988 жылдың 1 шілдесінен бастап шығады | www.almaty-akshamy.kz | №99 (6234) 27 тамыз, сенбі, 2022 жыл.

30 ТАМЫЗ – КОНСТИТУЦИЯ КҮНІ!

МӘРТЕБЕЛІ МЕМЛЕКЕТТІК МЕРЕКЕ

Конституция – тәуелсіздігіміздің ең маңызды символы мен атрибуты

Қазақстан Республикасы өзін демократиялық, зайырлы, құқықтық және әлеуметтік мемлекет ретінде орнықтырады, оның ең қымбат қазынасы – адам және адамның өмірі, құқықтары мен бостандықтары. Республика қызметінің түбегейлі принциптері: қоғамдық татулық пен саяси тұрақтылық; бүкіл халықтың игілігін көздейтін экономикалық даму; қазақстандық патриотизм.

(ҚР Конституциялық Заңынан).



Қазақстан Республикасының Конституциясы – мемлекетіміздің төлқұжаты

30 тамыз елімізде жыл сайын, дәстүрлі түрде Конституция күні ретінде атап өтіледі. Дәл осы күні қолданысқа енгізілгеніне биыл 27 жыл толатын Ата Заңымыз 1995 жылы 30 тамызда бүкілхалықтық референдумда қабылданып, мемлекетіміздің төлқұжаты етіп бекітілді. Бұл дата қоғам мен мемлекет үшін мәртебелі мемлекеттік мереке. Бүгінде демократиялық қоғамда Конституцияның орны ерекше. Еліміздегі барлық заңдар осы саяси құжат негізінде жасалған. Ата заң – барлық заңның негізі!

2

ӘКІМ

АЛМАЛЫ – АЛМАТЫНЫҢ ЖҮРЕГІ

Шаһар басшысы Ерболат Досаевтың қала тұрғындарымен кезекті кездесуі Алмалы ауданында өтті



Суретті түсірген Самат СЕРІКБАЙҰЛЫ.

Алмалы – мегаполистің орталық бөлігінде орналасқан аудан. Ұзақ жылдар бойы қаланың әкімшілік орталығы болған аудан бүгінде алматылықтардың мәдени, қоғамдық өмірінің орталығына айналған. Күні кеше қала басшысы Ерболат Досаев кезекті мәрте аудан тұрғындарымен жүзбе-жүз кездесіп, олардың талап-тілектерін тындады. Кездесуге қала әкімінің орынбасарлары, қоғамдық кеңес мүшелері, қалалық басқарма басшылары және коммуналдық қызметтерге жауапты мекеме өкілдері қатысты.

4-5

ҚЫСҚА...

- Мемлекет басшысы 1 қыркүйекте, Парламент палаталарының бірлескен отырысында Қазақстан халқына Жолдауын жариялайды.
- Президент Жолдауының негізгі бөлігі еліміздің әлеуметтік-экономикалық дамуына арналады.
- 2022 жылғы 1 тамыздағы жағдай бойынша 9077 этностық қазақ тарихи Отанына оралып, қандас мәртебесін алды.
- Елімізде психикалық денсаулық қызметінің call-орталығы іске қосылады.
- Елордада Ұлттық ғылыми онкология орталығы базасында алғаш рет трансплантолог-хирургтер туыстық донордан бүйрек трансплантациясын сәтті орындады.
- Қазақстан спортшылары Хошиминде өткен кадеттер арасындағы Азия чемпионатында 4 алтын, 6 күміс және 5 қола медальді жеңіп алды.

www.almaty-akshamy.kz



9 772223 237006 >



«АҚШАМ-АҚПАРАТ» ХАБАРЛАЙДЫ:

■ ПРЕЗИДЕНТ

Мемлекет басшысы Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы Ұлттық құрылтайдың мүшелері Серік Ақылбай мен Сергей Худяковты қабылдады.

Кездесуде Президент «Қазақстан заңгерлер одағы» республикалық қоғамдық бірлестігінің төрағасы Серік Ақылбаймен отандық құқық жүйесін дамытудың кейбір аспектілерін талқылады. Ұлттық құрылтай мүшесі Мемлекет басшысына еліміздегі реформалар аясында азаматтардың құқықтық сауатын арттыру туралы ұсыныстарын жеткізді.

Сонымен қатар, Қасым-Жомарт Тоқаев Ұлттық құрылтайдың мүшесі, Солтүстік Қазақстан облысы Қоғамдық кеңесінің өкілі, «Жергілікті өзін-өзі басқаруды дамыту институты» жекеше мекемесінің директоры Сергей Худяковты қабылдады. Жүздесуде тұрғын үй саясаты мен жергілікті өзін-өзі басқару жүйесін одан әрі жетілдіруге қатысты бірқатар ұсыныс айтылды. Сондай-ақ, Сергей Худяков қоғамдық бірлікті нығайту жөнінде көзқарасын білдірді.

■ ПАРЛАМЕНТ

Мәжіліс Төрағасы Ерлан Қошанов Қазақстан Республикасы Парламент Палаталарының бірлескен отырысын шақыру туралы Өкімге қол қойды.

«Қазақстан Республикасы Конституциясының 58-бабы 4-тармағының 2) тармақшасына сәйкес Қазақстан Республикасы Парламенті Палаталарының бірлескен отырысы 2022 жылғы 1 қыркүйекте сағат 11-де Нұр-Сұлтан қаласында шақырылсын», – деп жазылған Өкім мәтінінде.

1 қыркүйекте өтетін Парламент Палаталарының бірлескен отырысында Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Қазақстан халқына Жолдауын жариялайды. Жолдаудың негізгі бөлігі еліміздің әлеуметтік-экономикалық дамуына арналады.

■ ҮКІМЕТ

Қазақстанның ЕАЭО елдерімен тауар айналымы 4,8%-ға өсіп, \$12,6 млрд-ты құрады. Бұл туралы ҚР Премьер-Министрі Өлхан Смайылов Еуразиялық үкіметаралық кеңестің кеңейтілген құрамдағы отырысында мәлімдеді.

Алқалы жиында өзара саудадағы тосқауылдарды жою, транзит еркіндігі және азық-түлік бағасын тежеу мәселелеріне назар аударылды. Өлхан Смайылов әріптесі – РФ Үкіметінің төрағасы Михаил Мишустинмен кездесіп, өнеркәсіптік кооперацияға қажетті өнімдерді жеткізу, қазақстандық шикізат транзиті, сондай-ақ тауарларды кедергісіз шығару мәселелерін талқылады. Сондай-ақ, Қазақстанның солтүстік және шығыс өңірлерін газдандыру мәселелері, Каспий құбыр консорциумы мен «Астрахан–Маңғышлақ» магистральдық су тартқышының қызметі қаралды. Үкімет басшысы ЕАЭО елдерінің экспортын дамыту үшін тауарлар транзитінің еркіндігін қамтамасыз ету қажеттігіне назар аударды.

■ СЕНАТОР

Сенатор Сұлтанбек Мәкежанов Алматы қаласының ірі құрылыс компанияларының басшыларымен кездесті. Сондай-ақ, депутат шаһардағы бірқатар нысан құрылысымен және жоспарланған жобалармен танысты.

Кездесу барысында құрылыс компанияларының басшылары құрылыс материалдары бағасының өсуіне байланысты туындаған проблемалық мәселелерді атап өтті. Сенаторға осыған байланысты құрылыстың өзіндік құны соңғы уақытта 20 пайыздан астамға өскенін хабарлады.

Құрылысшылар сенаторға кешендегі құрылыстың өзіндік құнының өсуінің негізгі себептері жергілікті құрылыс материалдарының қымбаттауына, инфляция қарқынының жеделдеуіне, тұрғын үйге сұраныстың артуына, сондай-ақ, жұмыс күшінің тапшылығына байланысты екенін айтты.

Сұлтанбек Мәкежанов Үкімет бұл мәселелерді шешу мақсатымен тиісті жұмыс жүргізіп жатқанын айтты. Сондай-ақ, осы бағыттағы жұмысты жандандыру және құрылыс саласының проблемаларын шешу жолдарын егжей-тегжейлі пысықтау қажеттігін атап өтті.

■ ӘКІМ

Алматы қаласының әкімі Ерболат Досаев күзгі-қысқы жылыту маусымына дайындықты тексерді.

Шаһар басшысы күзгі-қысқы жылыту маусымына дайындықты тексеріп, «Оңтүстік-Шығыс» және «Премьера» қазандықтарын және А.Жақұтов атындағы ЖЭО-2-ні аралады.

Қазіргі уақытта күзгі-қысқы жылыту маусымына білім беру объектілері 100 пайызға дайын. Денсаулық сақтау мекемелері 89 пайызға және тұрғын үй қоры 90 пайызға дайын, бұл объектілердегі дайындық жұмыстары кестеге сәйкес қыркүйек айында толық аяқталады.

■ ҮКІМЕТАРАЛЫҚ КЕҢЕС

Қырғызстанда Еуразиялық үкіметаралық кеңестің отырысында бас қосқан ЕАЭО елдерінің Үкімет басшылары ортақ газ нарығын қалыптастыру, өнеркәсіп кооперациясы, алкоголь нарығын реттеу және электрондық сауда кезінде салық салу мәселелерін талқылады.

Одан бөлек, Еуразиялық қайта сақтандыру компаниясын құру туралы келісім жобасы, көлік саласындағы басымдыққа ие инфрақұрылымдық жобалар тізбесі, ЕАЭО-ның ішкі нарығындағы кедергілерді жою жөніндегі жұмыс барысы, сондай-ақ өзара сауда кезінде ұлттық валюталарды пайдалануды кеңейту жөніндегі шаралар қаралды. Отырыс қорытындысы бойынша қатысушылар бірқатар көпжақты құжаттарға қол қойды.

БАС РЕДАКТОР БАҒАНЫ

МӘРТЕБЕЛІ МЕМЛЕКЕТТІК МЕРЕКЕ

Конституция – тәуелсіздігіміздің
ең маңызды символы мен атрибуты



(Басы 1-бетте)

Біз Жаңа Қазақстанды
құру жолын тандадық

Биылғы Конституция күнін мерекелеу еліміздің Негізгі Заңына түзетулер бойынша табысты өткізілген референдум аясында ерекше маңызға ие болып отыр.

2022 жылғы 5 маусымда елімізде айрықша мәні бар тарихи оқиға болды. Еліміздің тарихында Конституцияға енгізілетін өзгерістер алғаш рет жалпыхалықтық референдум арқылы жүзеге асырылды.

Мемлекетіміз дамудың жаңа кезеңіне қадам басты. Тәуелсіз Қазақстанның даму тарихында жаңа дәуірге жол ашылды. Ата Заңымызға ұсынылған өзгерістерді азаматтардың басым көпшілігі қолдады. Референдум жоғары деңгейде өтті. Референдум нәтижесі саяси жаңғырудың анық символына айналды. Біз Жаңа, Әділетті Қазақстанды құру жолын тандадық. Конституциялық түзетулер мемлекеттігіміздің тұғырнамасын түбегейлі өзгертуге мүмкіндік береді. Бүкіл қоғамның дамуына тың серпін береді. Референдум еліміздің тарихындағы маңызды белес болды. Ұлтымыздың шынайы өзгерістерге деген дайындығы мен ұйымшылдығын көрсетті.

ҚР Конституциясына өзгерістер енгізу мәселесі бойынша референдумда дауыс беруге барлығы 7 985 769 қазақстандық немесе электораттың 68,05%-ы қатысты. Азаматтардың 77,18%-ы, яғни 6 163 516 адам еліміздің бас құжатына өзгерістерді қолдап дауыс берді.

Конституциялық реформаны іске асыру қоғамға қандай өзгерістер әкелді?

Жалпыхалықтық референдум қазақстандықтардың мемлекеттің саяси архитектурасын қайта қалыптастыру, билік тармақтары арасында тежемелік пен тепе-теңдіктің үйлестірілген жүйе құру жөніндегі мемлекеттің дамуының жаңа бағытын қолдайтынын көрсетті.

Ең басты нәтиже – азаматтардың Жаңа Қазақстан құру идеясының айналасына топтасуына ұйтық болды. Атап айтқанда:

- Мемлекет басшысының Жарлығымен өңірлер аумағында орналасқан мәслихаттармен **облыс**, республикалық маңызы бар қала және астана **әкімі лауазымына кандидатураларды келісу** енгізілді. Нәтижесінде Абай, Ұлытау, Жетісу облыстарының әкімдерін тағайындау жергілікті мәслихаттар арқылы жүзеге асты;

- «Жер аманаты» комиссиясы **пайдаланылмай жатқан және заңсыз бөлінген ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлерді мемлекет меншігіне қайтаруды** қолға алды. Комиссия қызметінің арқасында ағымдағы жылдың 12 тамызындағы мәлімет бойынша үш ай ішінде мемлекетке 300 мың га жер қайтарылды. Бұл жұмыс әлі де жалғасады;
- Алғаш рет Мемлекет басшысының бастамасымен құрылған **Ұлттық құрылтай отырысы** өтті.

Қазақстан Республикасы өзін демократиялық, зайырлы, құқықтық және әлеуметтік мемлекет ретінде орнықтырады, оның ең қымбат қазынасы – адам және адамның өмірі, құқықтары мен бостандықтары.

Республика қызметінің түбегейлі принциптері: қоғамдық татулық пен саяси тұрақтылық; бүкіл халықтың игілігін көздейтін экономикалық даму; қазақстандық патриотизм.

(ҚР Конституциялық Заңынан).

Отырыс барысында еліміздің барлық өңірлерінен келген жұртшылықпен мемлекеттік және қоғамдық дамудың түрлі мәселелері талқыланды;

- Қоғамдық талқылауға «Бұқаралық ақпарат құралдары туралы» және «Сайлау туралы» **жаңа заңдардың жобалары ұсынылды.**

- Ел Конституциясына түзетулер енгізу бойынша референдум суперпрезиденттік модельден президенттік республикаға түпкілікті көшуді бекітті;

- Конституциялық реформа новеллаларын іске асырудың нәтижесінде адам құқықтары мен бостандықтарын қорғау жүйесі күшейе түсті. Қоғамда адал және ашық саяси баскелестікті қамтамасыз етуге жол ашылды;

- 6 маусымда азаматтар дауыс берген өзгертулер мен толықтырулар Негізгі Заңның 30-дан астам бабын қамтиды. Олардың барлығы толығымен азаматтардың мүдделерін көздейді. Осылайша біздің мемлекеттілігіміздің негіздері түбегейлі жаңартылып, Екінші Республиканың іргетасы қаланды;

- Конституциялық реформаның ережелері Президенттің артықшылықтары мен өкілеттіктерін арттыруға емес, билік тармақтары арасындағы тежемелік әрі тепе-теңдік жүйесін нығайтуға, барлық азаматтардың мүдделерін, құқықтары мен бостандықтарын қорғауға бағытталған.

- Конституциялық өзгерістерге бүкілхалықтық ерік білдіру – жаңа, әділетті Қазақстанның берік іргетасын қалады деп айта аламыз;

- Референдум нәтижесі саяси жаңарудың жарқын символына айналды. Біздің азаматтарымыз жоғары жауапкершілік пен патриотизм танытты. Біз жаңа, әділетті Қазақстанды құруда бірлігімізді көрсеттік;

- Референдум біздің еліміздің тарихындағы маңызды кезең болды, ұлттың бірлігін, халқымыздың нақты өзгерістерге дайын екендігін көрсетті.

Бұл жетістіктермен қатар конституциялық реформамен қамтылған және белсенді түрде ілгерілетуді қажет ететін 20-ға жуық заң жобалары (мәселен, «Қазақстан Республикасының Конституциялық Соты туралы» Конституциялық заң; «Қазақстан Республикасындағы Адам құқықтары жөніндегі уәкіл туралы» Конституциялық заң; «Прокуратура туралы» Конституциялық заң және т.б.) қабылданады деген сенім бар. Сонымен бірге, кейбір заңнамалық актілерге, саяси партиялар, жергілікті мемлекеттік басқару, мемлекеттік аудит туралы және басқа да бірқатар заңдарға түзетулер мен өзгерістер енгізу қарастырылмақ.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев тұжырымдағандай, Ата Заңға өзгерістер енгізу реформаларымыздың соңғы сатысын емес, енді басталғанын білдіреді. *«Біз елімізді жан-жақты жаңғыртуды жалғастырамыз. Жаңартылған Конституция негізінде биліктің барлық институты қызметінің мейлінше тиімді моделін қалыптастырамыз. Олардың арасындағы үйлесім мен тепе-теңдік механизмін нығайтамыз. Дәйекті саяси жаңғырту ұлттық экономиканы дамытуға, ұлттық кәсіпкерлікті нығайтуға ықпал етеді»*, – деп қадап айтты Президент.

Расында да, Негізгі Заңға енгізілген өзгерістер сапалық, халықтық сипаттағы реформалардың бастауы ғана. Елді жан-жақты жаңғырту жалғаса береді. Сол арқылы жаңартылған Конституция негізінде биліктің барлық институттарының қызмет етуінің неғұрлым тиімді моделі қалыптасатын болады.

«АҚШАМ-АҚПАРАТ».

Асхат АЙМАҒАМБЕТОВ,
ҚР Оқу-ағарту министрі:

АЛМАТЫ БІЛІМ САЛАСЫ БОЙЫНША КӨШ БАСТАП ТҰР

Мегаполис төрінде 23 мыңнан астам ұстаз құлақ түріп, көз тіккен дәстүрлі Тамыз форумы өтті



Нұржамал
ӘЛІШЕВА

Республика сарайында «Білімді ұлт: білімге ұмтылу, еңбексүйгіштік және патриотизм» деген тақырып аясында алматылық 3 мың ұстаздың және онлайн форматта 20 мың мұғалімнің басын қосқан Алматы қаласы педагогтарының Тамыз форумы өтті.

Форумның пленарлық отырысына Алматы қаласының әкімі Ерболат Досаев, ҚР Оқу-ағарту министрі Асхат Аймағамбетов, Сингапур Мұғалімдер одағының бас хатшысы Майк Тируман, Хельсинки қаласы білім департаментінің бөлім басшысы Марье Киллонен, сондай-ақ, білім беру саласындағы қазақстандық және шетелдік сарапшылар қатысты.

Форумның мақсаты – білім беру сапасын арттыру бойынша нақты кейстерді талқылау үшін ұстаз қауымына диалог алаңын ұсыну, қаланың білім беру жұмысының жүйесін жақсарту үшін тәжірибе алмасу.

«Балалар жылына» – тың жобалар

Форум барысында алдағы жаңа оқу жылында мегаполис мектептерінде білім беру сапасын арттыру жолдары талқыланды. Бүгінгі күні барлық мемлекеттік мектептерді шаруашылық жүргізу кәсіпорындарына (ШЖК) кезең-кезеңімен көшіру жүргізілуде. Биыл қаланың 210 мемлекеттік мектебінің 76-сы шаруашылық жүргізу түріне көшеді.

– Осы өзгерістерге байланысты мұғалімдердің біліктілігін арттыруға ерекше көңіл бөлінеді, яғни педагогтарды оқыту форматы түбегейлі қайта қаралады, оның аясында олар үшін халықаралық тағылымдамалар ұйымдастыру жоспарлануда. Жаңа оқу жылы ішінде алматылық 50 педагог Финляндия мен Эстонияның жетекші мектептерінде тағылымдамадан өтеді. 2023 жылдан бастап мұғалімдерді инклюзивті білім беру бойынша оқытудың арнайы бағдарламасы басталады. Бағдарламаға колледж оқытушылары да қатысады, – деді Алматы қаласының әкімі Ерболат Досаев форум барысында.

Ал Оқу-ағарту министрі Асхат Аймағамбетов Алматы қаласы білім саласы бойынша өңірлердің ішінде алдыңғы сапта тұрғанын ерекше атап өтті.

– Алматы қаласы білім саласы бойынша көш бастап тұр. Ол тек бір көрсеткіш бойынша ғана емес, балабақшаларды алатын болсақ та, орта білімді алатын болсақ та, техникалық-кәсіптік білім алатын болсақ та, басым бөлігі, барлық деңгейі бойынша Алматы ең бірінші орында. Сондықтан Оқу-ағарту министрлігі барлық пилоттық жобасын Алматы



Суреттерді түсірген Қайрат ҚОНЫСБАЕВ.

Асхат АЙМАҒАМБЕТОВ, ҚР Оқу-ағарту министрі:

– Алматы қаласы білім саласы бойынша көш бастап тұр. Сондықтан министрлік пилоттық жобаларын Алматыдан бастап жатыр. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев биылғы жылды «Балалар жылы» деп атап, Үкіметке де, әкімдерге де тиісті кешенді жоспарды белгілеп берді. Бұл жоспардың ішінде Алматы қаласы үшін өте маңызды шешім қабылданды. Ол – 1–4-сынып оқушыларын тегіс ыстық тамақпен қамту. Бұл – екінші пилоттық жоба. Алматы қаласының әкімдігі осы пилоттық жобаны іске асыруға кірісіп те кетті. Сол үшін Оқу-ағарту министрлігі атынан үлкен алғысымды білдіремін.

Ерболат ДОСАЕВ, Алматы қаласының әкімі:

– Жаңашылдық, уақыт көшінен қалмау – уақыт талабы. Мысалы, заманауи технологиялар әлемді өзгертуге қауқарлы. Осының бәрін меңгеріп, пайдалана білуі үшін біздің өрендер цифрлық әлемге жақын болуы керек. Екіншіден, балаларға ерекше, жеке дара назар аудару мүмкіндігі туды. Әр бала өмірге дарынды болып келеді. Ең бастысы, сол талантты тани білу. Егер біз оған дарынын ашуға және одан әрі дамытуға көмектесе алсақ, онда бұл тек баланың өзі үшін ғана емес, ел үшін де үлкен жетістік болмақ.

қаласынан бастап жатыр. Қазіргі уақытта қалада бірнеше пилоттық жоба іске асырылуда. Оларды біз алдағы уақытта басқа өңірлерде де іске қосуды жоспарлап отырмыз. Солардың бірі, біз үшін өте қызықты жоба – «Мектеп автобусы». Бұл елордамыз бен халық көп шоғырланған басқа да үлкен қалаларымыз үшін жақсы жоба болады деп есептеймін.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев биылғы жылды «Балалар жылы» деп атап, Үкіметке де, әкімдерге де тиісті кешенді жоспарды белгілеп берді. Бұл

жоспардың ішінде Алматы қаласы үшін өте маңызды шешім қабылданды. Ол – 1–4-сынып оқушыларын тегіс ыстық тамақпен қамту. Бұл – екінші пилоттық жоба. Алматы қаласының әкімдігі осы пилоттық жобаны іске асыруға кірісіп те кетті. Сол үшін Оқу-ағарту министрлігі атынан үлкен алғысымды білдіремін. Бұл қадам оқушылардың үлгеріміне және олардың денсаулығын жақсартуға ықпал ететініне сенімдімін, – деді министр.

Жалғасы 12-бетте.

МЕМОРАНДУМ

АУА САПАСЫ ЖАҚСАРАДЫ

Алматы қаласының әкімдігі мен «QazaqGaz» ҰК» АҚ бірлескен меморандумға қол қойды



Суретті түсірген Қайрат ҚОНЫСБАЕВ.



Гүлжанат
СЕМБАЕВА

Келісім ұлттық компанияның 2023 жылғы екінші тоқсанда үш автомобильдік газ толтыру компрессорлық станциясын (АГТКС) салуды және сығымдалған табиғи газды (СТГ) үздіксіз жеткізуді қамтамасыз етуді қарастырған. Алматы әкімдігі өз тарапынан газбен жүретін автобустар санын 880-ден 1200 бірлікке дейін арттыруды және АГТКС құрылысы аяқталғаннан кейін автобустарды газға ауыстыру бойынша жұмысты жалғастыруды жоспарлауда.

Табиғи газды мотор отыны ретінде пайдалануды кеңейту ауаға әсер ететін залалды заттарды азайтуға және қаладағы экологиялық жағдайды жақсартуға мүмкіндік береді. Сығымдалған табиғи газдың (СТГ) артықшылығы бағасының қолжетімділігінде. СТГ дизель отынына қарағанда 2 есе арзан.

Кездесу барысында қаладағы ауа сапасын жақсарту мақсатында тараптар энергетикалық кешен мен газбен жабдықтауды дамыту бойынша келісімге қол жеткізді.

ШАҒАР ШАРУАШЫЛЫҒЫ



Суретті түсірген Қайрат ҚОНЫСБАЕВ.

Алматыда автобус аялдамасын және Шығыс айналма автомобиль жолының учаскесін безендіруде тегіс ыстық тамақпен қамту. Бұл – екінші пилоттық жоба. Алматы қаласының әкімдігі осы пилоттық жобаны іске асыруға кірісіп те кетті. Сол үшін Оқу-ағарту министрлігі атынан үлкен алғысымды білдіремін. Бұл қадам оқушылардың үлгеріміне және олардың денсаулығын жақсартуға ықпал ететініне сенімдімін, – деді министр.

Алматы ажары ашылады

Көшелерді көгалдандыруда тиімді тәсіл қолданылады

Достық даңғылындағы аялдама-ны безендіру кезінде ландшафт дизайнерлері бұталы қарапайым өсімдіктің 160 гүлін – колеусты қолданды. Шығыс айналма жолындағы тіреу қабырғаларының бірін безендіру үшін 3450 дана сары және қызғылт сары түсті тагетес гүлдері қолданылды.

«Безендіру кезінде көгалдандырудың контейнерлік тәсілі қолданылды. Қалыптарда өсірілген гүлдер дайындалған гүлзарлар мен гүл құмыраларына отырғызылады. Жазда гүлдену маусымында оларды бөлшектеу және ауыстыру оңай. Барлық пайдаланылған гүл түрлері

құрғақшылыққа және қаланың күрделі климаттық жағдайына төзімді», – деді Алматы қаласы Экология және қоршаған орта басқармасының Жасыл қорды басқару және мониторинг бөлімінің басшысы Олжас Жаныспаев.

Тігінен көгалдандыру кеңістікті үнемдейді, қалаға эстетикалық көрініс береді және экологиялық жағдайды жақсартады. Болашақта оны қала көшелерін, магистральдары мен аялдамаларын безендіру үшін ландшафт дизайнының элементтерінің бірі ретінде пайдалануға болады.

«АҚШАМ-АҚПАРАТ».

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2018 жылғы 29 қарашадағы №797 қаулысын орындау аясында аталған құжатқа қала басшысы Ерболат Досаев пен «QazaqGaz» ҰК» АҚ басқарма төрағасы Санжар Жаркешов қол қойды.



ӘКІМ

(Соңы. Басы 1-бетте).

Әкім Ерболат Досаев, ең алдымен, бұған дейінгі кездесуінде айтылған тұрғындардың тілектері мен ұсыныстары қаншалықты орындалып, қандай жұмыстар атқарылғанына тоқталды. Шаһар басшысының Алмалы ауданының тұрғындарымен алғашқы кездесуінде 47 хаттамалық тапсырма берілген еді, соның 37-сі (79%) орындалды.

Электр желісімен толық қамтамасыз етіледі

Алмалы ауданының негізгі проблемаларының бірі – электрмен қамтамасыз етудің тұрақсыздығы. Ауданда ескі және тозған желілердің салдарынан электр көздері істен шығып, апаттар жиілеп кеткен. Әсіресе, Байтұрсынов – Абай – Төле би – Розыбакиев көшелерінің бойында бірнеше рет апаттар болды. Биылғы жылдың өзінде электр желілерінде ауданда 240-тан астам апат тіркелді. Электр энергиясымен жабдықтаудың сенімділігін арттыру үшін 2022-2023 жылдары қаланың электр желілерін жаңарту көзделіп отыр.

Осы жоба аясында аудан бойынша екі жыл ішінде резервтік қуатты 10кВт-қа дейін ұлғайтып, 156 шақырымдық ескірген кабельдерді ауыстыру, сондай-ақ 13 тарату және 195 трансформаторлық қосалқы станцияны қайта жаңарту қарастырылуда. Қазірдің өзінде 55 шақырымдық (2022 жылғы жоспар – 81 шақырым) кабель желілері ауыстырылды, 8 (2022 жылғы жоспар – 10) тарату және 42 (2022 жылғы жоспар – 50) трансформаторлық қосалқы станция жаңартылды. Жыл соңына дейін тағы 26 шақырымдық желіні ауыстырып, 2 тарату және 8 трансформаторлық қосалқы станция қайта жаңғыртылмақ. Нәтижесінде 2022 жылдың соңында аудандағы тозған электр желілерінің үлесі 70-тен 56%-ға дейін азаяды. Ал 10 қыркүйекке дейін екі учаскеде 415 м жылу желілерін қайта жаңарту аяқталады, оның ішінде: Досмұхамедов көшесінің бойымен Құрманғазыдан Абайға дейін ұзындығы 225 м және Бөгенбай батыр – Радостовец қиылысындағы аулада – 190 м жылу желісі жөнделеді.

Көшелерді су басу мәселесі шешіледі

Алмалы ауданында жауын-шашын жауған кезде көшелерді су басу мәселесі бүгінгі күні де өзекті болып отыр. Аудан бойынша үнемі су басатын 12 учаске анықталды. Олар: Райымбек даңғылы Аносовтан Аренскийге дейін, Райымбек даңғылы мен Розыбакиев көшесінің бұрышы, Мақатаев көшесі Қо-жамқұлов көшесінен Жұмалиев көшесіне дейін, Механическая көшесі мен Назарбаев даңғылының қиылысы, Әйтеке би мен Пан-



филов көшесінің қиылысы, Әйтеке би мен Әбілқайыр хан даңғылының қиылысы, Әйтеке би, Желтоқсан, Мақатаев, Масаншы көшелері.

Аталған учаскелерді су басу мәселесі ағымдағы жылдың қараша айында ТЖ желісі бойынша шешілетін болды. Бүгінде жұмыстар толық қарқынмен жүргізілуде. Мақатаев көшесінің бойындағы 3,6 шақырым коллекторды қалпына келтіру, 2,3 шақырым арық желілерін және Райымбек даңғылының бойындағы 1,6 шақырым канал салу көзделген. Бұдан басқа, ағымдағы жылдың күзінде 52 учаскеде 34 шақырым арық желісін қайта құру және салу бойынша үлкен жұмыс басталады, ол 2024 жылдың соңына дейін жүргізілетін болады. Бүгінгі таңда мердігерді анықтау үшін конкурстық рәсім жүргізілуде.

Жол-көлік инфрақұрылымын дамыту жолға қойылды

Аудан тұрғындарының өтініші бойынша биыл 11 тамыздан бастап Есенжанов және Шәкәрім көшелері арасында, Тілендиев және Брусиловский көшелері арасында бір жақты қозғалыс енгізілді. Бұл жаңалық осы көшелердің аралықтарында қақтығыстар мен кептелістердің азаюына мүмкіндік берді, жаяу жүргіншілер үшін қауіпсіздікті арттырды. Жолдар пайдалануға ыңғайлы болуы

үшін жалпы ұзындығы 4,7 шақырым болатын 8 көшенің орташа жөндеуі аяқталды. Сондай-ақ, жалпы ұзындығы 1,3 шақырым болатын 14 мекенжай бойынша тротуар желісіне жөндеу және құрылыс жүргізілді. Осы жылдың қарашасына дейін жалпы ұзындығы 10,2 шақырым болатын тағы 10 көшеге қосымша жөндеу жұмыстары жүргізілмек.

Әлеуметтік әлеует артады

■ *Алғашқы кездесуде берілген уәде бойынша осы жылдың қазан айына дейін екі маршруттың қозғалыс сызбасына өзгерістер енгізілетін болады. Қыркүйек айында жылжымалы құрам жаңартылып, Абай мен Төле би арасындағы Тілендиев және*

Брусиловский көшелерін қамтитын №132 маршрут ұзартылатын болды. Ал қазан айында №88 бағыттың қозғалыс сызбасы өзгереді. Бұл бағыт Райымбек даңғылынан оңтүстік бағытта Әуезов көшесін қамтымақ. Аялдамаларға қадамдық қолжетімділікті қамтамасыз ету үшін жыл басынан бері қосымша 6 аялдама (Жамбыл көшесі бойынша 3 аялдама және Құрманғазы, Абылай хан және Брусиловский көшелері бойынша 3 аялдама) орнатылды.

■ *Тұрғындардың өтініші бойынша ағымдағы жылдың қыркүйек айында Розыбакиев көшесін ағымдағы жөндеу аясында №3 қалалық емханаға жақын аялдама ауыстырылады.*

■ *Алдыңғы кездесудің қорытындысы бойынша, ай сайын ерекше қажеттіліктері бар 1,5 мың азаматқа мегаполис шегінде қызмет көрсететін «Инвакиси» қызметін қаржыландыру мәселесі қайта қаралды. Бұрын 46 автокөлік болған. Көліктің жетіспеуі көрсетілетін қызметтің сапасына әсер етті. Мәселені шешу үшін олардың саны 2 есеге, яғни 100 машинаға дейін көбейтілді.*

Орта білім беру нысандары

Мектептердегі орын тапшылығын азайту мақсатында қыркүйек айында Қабанбай батыр көшесінде 850 орынды «Prometheus school» жеке білім беру мектебін ашу жоспарлануда. №15 гимназия сейсмикалық тұрғыда күшейтіліп, күрделі жөндеу жүріп жатыр. Жұмыстар ендігі жылдың шілде айында аяқталады. Қарашада №16 мектептің 350 орынды қосымша құрылысының жобалық құжаттамасы жасалмақ (сараптамасы – 2023 жылы қарашаға, құрылыс-монтаждау жұмыстары – 2024 жылы наурызға есептелген). Өткен кездесуде №136 және №58 мектептердің жағдайына қатысты мәселе кө-

АЙТЫЛДЫ – ЖАСАЛДЫ

- Жыл басынан бері 225 орынды 3 жекеменшік балабақша ашылды.
- «Нұрлы жер» тұрғын үй–коммуналдық шаруашылығын дамыту бағдарламасы бойынша биыл жыл басынан бері 22 үйде 57 лифт ауыстырылды және 2 үйде ортақ мүлік жөнделді.
- Мамыр айында Байсейітова – Қабанбай батырда бағдаршам орнатылды, тағы 5-еуі биыл 1 қазанға қарай аяқталады.

СҰРАҚ–ЖАУАП

Алматы қаласының әкімі Ерболат Досаев қалыптасқан дәстүр бойынша баяндамадан соң, Алмалы ауданының тұрғындарын мазалайтын өткір мәселелерді талқылап, сұрақтарға жауап берді.

Сұрақ-жауап сессиясындағы алғашқы сұрақ жер және абаттандыру мәселелеріне қатысты қойылды.

– Мұратбаев пен Гоголь көшелерінің қиылысында бос жатқан учаске бар, біз оны әкімдік қарауына алу үшін бірнеше рет сұрау салдық. Бірақ бұл мәселеде әлі қозғалыс жоқ. Осы жерді мемлекет меншігіне өткізіп, абаттандыруды өтінеміз. Екінші сұрағым, Байтұрсынов көшесінің жарықтандыру желісін жаңартуға бола ма?

Қала басшысы басқарма басшыларынан нақты жауап алып, айтылған сұрақтардың шешімін айтты.

– Гоголь мен Мұратбаев мекенжайындағы жер учаскесі бойынша 14 шілде күні берілген қаулы бар. Меншік иесі – жеке тұлға. Қазір бұл жерді бағалау жұмыстары жүргізілуде, оны қыркүйекте аяқтауды жоспарлап отырмыз. Барлығы нақтыланған соң өтемақы сомасын ұсынамыз. Егер келісім берілсе, жыл соңында сатып аламыз. Байтұрсынов көшесі бойындағы жарықтандыру жүйелерін жаңарту бойынша жоба бар, ол осы жылға енгізілген. Жыл соңына дейін айтылған жұмыстарды Мақатаев көшесінен Тимирязев даңғылына дейін аяқтауды жоспарлап отырмыз, – деді Е.Досаев.

Келесі кезекте сұрақ қойған Алмалы ауданының тұрғыны М.Әуезов атындағы театр маңындағы сквер мен Ганди атындағы саябақтың қайта жөндеу жұмыстары қашан жүргізілетінін білгісі келді.

– Әуезов театры бойынша Мәдениет және спорт министрлігі шешім қабылдады. Биылғы театр маусымы аяқталған кезде М.Әуезов атындағы театрдың өзінде жөндеу жұмыстары өтеді. Оның маңындағы скверді жаңғыртуға қатысты байқау биыл өтуі керек еді. Бірақ біз оны әзірге тоқтатып қойдық. Театрды жөндеу жұмыстары аяқталған соң, біз саябақ бойынша жұмыстарды бастаймыз, – деп жауап берді шаһар басшысы.



Сауал жолдаған тағы бір қала тұрғыны «Алматы күнін» жоғары деңгейде атап өтуді сұрады.

– Соңғы екі жыл халыққа оңай болған жоқ. Қазір адамдарға үлкен мейрам керек. «Қала күні» бұрын жоғары деңгейде аталып өтетін. Биыл бізге жоғары деңгейде мереке ұйымдастыруыңызды сұраймыз, – деп қала тұрғыны өтініш білдірді.

– «Қала күнін» міндетті түрде 18 қыркүйек күні тойлай-

мыз. Оның алдында да 10 күндей көптеген мәдени-мерекелік іс-шаралар өткіземіз. Бәрі орынды болса, алдағы дүйсенбі күні нақты күнтізбені бекітіп, «Конституция күнінен» кейін жариялаймыз. Сүйікті қаламыз үшін маңызды мерекені тойлауға барлық тұрғындарды шақырамыз! – деді Ерболат Асқарбекұлы.

Келесі сұрақ Қалалық мобильділік басқармасына бағытталды.

ТҰРҒЫНДАР САУАЛЫНА



АЛМАТЫНЫҢ ЖҮРЕГІ

қала тұрғындарымен кезекті кездесуі Алмалы ауданында өтті



Суреттерді түсірген Самат СЕРІКБAYҒҰЛЫ.

терілген еді. 2023 жылдың шілдесіне дейін осы мектептер күрделі жөндеуден өтіп, сейсмикалық күшейтуге арналған жобалау-сметалық құжаттама әзірленеді.

Мектепке дейінгі білім беру

Алмалы ауданында жыл басынан бері 225 орынды 3 жекеменшік балабақша ашылды. 30 тамызға дейін №7 балабақшаны сейсмикалық күшейту жұмыстары аяқталады. Әкімнің тапсырмасымен Әйтеке би – Мәуленов көшелеріндегі бұрынғы («Теремок» жекеменшік балабақшасы) балабақша ғимараты жалға беруден қайтарылды. Осы жылдың соңына дейін күрделі жөндеу үшін жобалық-сметалық құжаттама дайындалады. Құры-

лыс-монтаждау жұмыстары келесі жылдың екінші тоқсанында басталады. Тілендиев көшесіндегі бұрынғы балабақша ғимараты қайтарылуда. Ол қайтарылғаннан кейін 300 орынды мемлекеттік балабақшаның қызметін жандандыру үшін ғимаратты сейсмикалық күшейтуге және күрделі жөндеуге жобалық-сметалық құжаттама жасалады.

Жайлы және қауіпсіз қалалық орта

Биылғы жылдың шілдесінде Алматы қаласы әкімдігінің Наурызбай батыр – Жібек жолы көшесіндегі, ауданы 19 сотық және Сейфуллин – Төле би көшесіндегі алаңы 2,2 сотық жер учаскелерін алып қою туралы қау-

лысы қабылданды. Бүгінгі таңда жер учаскелерінің құнын тәуелсіз бағалау жүргізілуде, ол ағымдағы жылдың 2 қыркүйегіне дейін аяқталады және меншік иелерімен келіссөздер жүргізіледі. Сонымен қатар, биылғы 1 шілдеде Алматы қаласының әкімдігі Розыбакиев көшесіндегі (Дүйсенов көшесінің оңтүстігіне қарай) ауданы 40 сотық жер учаскесіне уақытша ұзақ мерзімді жер пайдалану құқығын тоқтату туралы қаулы қабылданды.

Қазіргі уақытта Алмалы ауданында 223 мың ағаш бар, оның 25%-ы апатты немесе ауыр жағдайда. Жыл басынан бері 6,6 мың ағашқа санитарлық кесу жұмыстары жүргізілді. Жалпы, пайдалану орындарында 250 апатты ағаш бар. Оның орнына күзде 2,5 мыңға жуық көшет отырғызамыз. Ағымдағы жылдың қыркүйек айында қаланың аула аумақтарын қамту жұмыстары жалғасатын болады. Жалпы кесу жоспарланған 5 мың апатты ағаш бар, оның 800-і – Алмалы ауданында. Өткен кездесуде «Sulprak» ғимаратының жанында егілмеген көшеттер мәселесі көтерілді. Менің тапсырмам бойынша соңғы 2 жылда ауданда отырғызылған 3 мың көшет жағдайына мониторинг жүргізілді және осы күзде қызмет көрсететін ұйымдар өз қаражаты есебінен 90 көшетті қайта отырғызады.

«Нұрлы жер» тұрғын үй-коммуналдық шаруашылықты дамыту бағдарламасы бойынша жыл басынан бері 22 үйде 57 лифт ауыстырылды. Жыл соңына дейін 3 үйде тағы 8 лифт ауыстырылатын болады. Сондай-ақ, ескі үйлерді реновациялау бағдарламасы бойынша биыл Сейфуллин – Төле би, Шәріпов – Шевченко көшелеріндегі 4 үй тұрғындарының тұрғын үй жағдайы жақсарды. Тарихи бірегейлікті сақтау үшін ағымдағы жылдың басынан бері 10 шағын қабатты тұрғын үйдің қасбеттері жөнделді. Ағымдағы жылдың қазан айына дейін 34 үйдің жөндеу жұмыстарын аяқтау жоспарлануда.

■ «Халық қатысатын бюджет» бағдарламасы аясында аудан бойынша жыл соңына дейін 34 жоба жүзеге асырылады. Олардың ішінде – АРО саябағын автоматты суару және көгалдандыру жүйесі, АЗТМ саябағындағы иттерді серуендетуге арналған алаң, Бөгенбай батыр бульварын Сейфуллин даңғылынан Шәріпов көшесіне дейін абаттандыру, екі ауланы (Досмұхамедов көшесі, 68 және Аносов көшесі, 37) жөндеу қарастырылған.

Қала әкімінің Алмалы ауданы тұрғындарымен кездесуі 3 сағатқа созылды. Жиын барысында әкімге 100-ден астам сұрақ қойылды.



2022 жылдың соңында аудандағы тозған электр желілерінің үлесі **70-тен 56%-ға** дейін азаяды.



Биыл күзде **52 учаскеде 34 шақырым** арық желісін қайта құру және салу бойынша үлкен жұмыс басталады.



Осы жылдың қарашасына дейін жалпы ұзындығы

10,2 шақырым болатын **10 көшеге** қосымша орташа жөндеу жұмыстары жүргізіледі.



Мектептердегі орын тапшылығын азайту мақсатында қыркүйек айында Қабанбай батыр көшесінде

850 орынды «Prometheus school» жеке білім беру мектебін ашу жоспарлануда.

АЙТЫЛДЫ – ЖАСАЛДЫ

- Тұрғындардың сұранысы бойынша Мақатаев–Шағабутдинов көшелерінің қиылысындағы адамдар жүретін өткел абаттандырылды.
- Ауданда жыл басынан бері 55 шақырым кабель желісі ауыстырылды.
- Жол сапасын жақсарту мақсатында аудандағы 8 көшенің орташа жөндеу жұмыстары аяқталды.

ТҰШЫМДЫ ЖАУАП ҚАЙТАРЫЛДЫ

– Шевченко көшесінде ескі трамвай тіректерін бөлшектеу жүргізілді. Ақша бөлініп, ол игерілді, жұмыс қабылданды. Бірақ темір тіректердің тек жоғарғы жағы алынған. Көптеген жерлерде арматура қалған. Металл тіректер құлап тұр. Бұл тек Шевченко көшесінде ғана емес, бүкіл қала бойынша: Сүйінбай, Мақатаев және т.б. көшелерде де осындай жағдай. Бұл қауіпті әрі қала көрінісін бұзады. Сондықтан оларды түбегейлі алу керек, – деді Алмалы тұрғыны.

Айтылған сұраққа Алматы қалалық мобильділік басқарма басшысы Ғани Мырзаханов жауап берді.

– 2021 жылдан бастап бұл темір тіреулер электротранс иелігінде. Біз оларды пайдаланбайтын болғандықтан, қала бойынша мыңға жуық бағананы бөлшектеу туралы шешім қабылданды. Сіз айтқан әзірге мәселе бар. Қазіргі уақытта темір тіреулердің 80 пайызы жойылды. АЭТ («Алматыэлектротранс») директорына қосымша тапсырма беріледі, бір ай ішінде шаралар қабылдаймыз, – деді ол. Қала әкімі басқарма басшысына мердігер компанияның жұмысын қадағалауға тапсырма берді.

Сұрақ-жауап сессиясы кезінде қауіпсіздік мәселесі де айтылды.

– Мен Сейфуллин және Қарасай көшелерінің қиылысында тұрамын. Біздің ауданда вандализм жағдайлары жиілен кетті. Жаяу патруль жүргізуді қайтадан бастауға бола ма?

– Бұл учаскеге төрт полиция инспекторы қызмет көрсетеді. Біз күнделікті және апта сайынғы талдау негізінде қауіпті аймақтарда патруль жүргізуді көбейтеміз. Біз сіздің ұсынысыңызды қарастырамыз және шаралар қабылдаймыз, – деді Алматы қалалық полиция Департаментінің бастығы Арыстанғани Запбаров. Қала басшысы департамент бастығына айтылған аймақтарда бейнебақылау камераларын орнатуды алдағы жылдың бағдарламасына енгізуді тапсырды.

Алмалы ауданында тұратын зейнеткер «Целинный» кинотеатрының бүгінгі мән-жайын сұрады:

– Мен Абай даңғылы мен Масаншы көшелерінің бойында орналасқан «Целинный» кинотеатрының тағдырына қатты алаңдаймын. Кинотеатр жабылған соң

кейбір жұмыстар басталған. Алайда, қазір олар да тоқтап қалды. Ары қарай «Целинный» не болады? – деді ол.

– Енді бұл жерде өнер орталығы болады. Нақтылай айтқанда, заманауи өнердің жаңа қалалық орталығына айналады. Жұмыстар басталғанда, құрылысшылар ғимаратта бірегей мозаика барын анықтады. Сондықтан оны алу үшін қажетті құжаттар дайындалды. Келесі жылдың соңына дейін Алматы қаласында жаңа мәдени орталық болады деп үміттенемін. Ал кинотеатр ретінде қалдыруға ол жаңа стандарттарға сәйкес келмейді, – деп нақтылады қала әкімі.

Келесі тұрғын білім беру саласына қатысты сауал жолдады.

– Қаланың бас жоспар аясында сатып алынған аумақтарда мектептердің жерін кеңейтуді қарастыруға бола ма? Қазіргі мектепке қосымша ғимараттар жиі салынады да, білім ордасының жер аумағы кішірейіп қалады. Бұл санитарлық нормаларды бұзады, – деп ұсыныс айтылды.

Қала әкімі күрделі мәселе бойынша жұмыстар жүргізіліп жатқанын айтты.

– Біз қаланы дамыту жоспарының соңғы сатысында тұрмыз және оның ішінде мектеп инфрақұрылымын дамытуға байланысты мәселелер де бар. Мен барлық бей-жай қарамайтын адамдарды қаланың бас жоспары бойынша ұсыныс-тілектерін білдіруге шақырамын.

P.S.

Мегаполис басшысы Ерболат Досаевтың Алмалы ауданы тұрғындарымен кездесуіне 250-дей адам қатысты. Кездесу барысында тұрғындар жолдарды, кәріз және электр желілерін жөндеу, абаттандыру секілді көптеген түйткілді мәселелерді көтерді. Әкім кездесу барысында өзіне сұрақ қойған әрбір тұрғынның мәселесін назарынан тыс қалдырған жоқ. Ауданның көркеюіне, дамуына мүдделі тұрғындардың ұсыныс-тілектерін мұқият тыңдап, шешімін таппаған мәселелерді зерттеп, зерделеу үшін сала мамандарына тапсырма берді. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың Жарлығымен бекітілген халықпен кездесулердің жаңа форматына сәйкес жыл соңына дейін Ерболат Досаев халықпен барлығы 24 кездесу өткізеді, тоқсанына 8 ауданның тұрғындарымен бір-бір кездесу жоспарланған.

Әзірлегендер Айнұр СЕНБАЕВА, Досбол АТАЖАН.



30 ТАМЫЗ – КОНСТИТУЦИЯ КҮНІ!



Ата Заңымыз ел бірлігін және адамның ар-ұжданы мен абыройына қол сұғуға болмайтынын негіздеп, кемсітудің кез келген түріне тыйым салу арқылы ұлтымызды ұйыстырады. Осы басты ұстанымдар баға жетпес байлығымыз – ішкі саяси тұрақтылықты қамтамасыз етеді. Тәуелсіздік рухы әрбір жолында көрініс тапқан Конституциямызға құрмет халқымызға тән отанышылдықтың арқауына айналып отыр.

Қасым-Жомарт
ТОҚАЕВ.

АЙБАРЫ АСҚАҚ АТА ЗАҢ

Конституциялық реформа Негізгі Заңды айтарлықтай жаңартты

30 тамызда Қазақстан халқы Конституция күнін атап өтеді. ҚР қолданыстағы Конституциясы қабылданған күннен бастап 27 жыл өтті. Осы кезеңде Қазақстанның Негізгі Заңы өз дамуының елеулі эволюциялық жолынан өтті. Қарапайым азаматтар, азаматтық қоғам тарапынан Конституцияға деген қызығушылық бұлжытпай артып келеді, бұл біздің көзқарасымыз бойынша, әсіресе, қаңтардағы қайғылы оқиғалардан және кейіннен ҚР Президенті Қ.Қ.Тоқаевтың өзінің мазмұны бойынша революциялық сипаттағы Қазақстан халқына арнаған Наурыз Жолдауынан кейін қазақстандық қоғамның үдемелі саясилендірілуіне байланысты деп ойлаймыз. Жақында елімізде өткен конституциялық реформа саяси жүйені жетілдіруге қатысты Негізгі Заңды айтарлықтай жаңартты.

ТҰЖЫРЫМДАМАЛЫҚ САЯСИ-ҚҰҚЫҚТЫҚ ҚҰЖАТ

Конституция – қоғам мен мемлекеттің ұзақ мерзімді болашаққа дамуын айқындайтын тұжырымдамалық саяси-құқықтық құжат екені даусыз. Қоғамның оң дамуы оның табиғаты бойынша каншалықты прогрессивті және демократиялық екеніне байланысты. Конституцияның ережелері негізінде ағымдағы заңнама да дамуда, яғни Негізгі Заңның нормалары қоғамдық қатынастарды реттейтін барлық нормативтік құқықтық актілерді қалыптастыру мен дамыту үшін негіз болып табылады.

Қазақстан Республикасы Конституциясының құқықтық нормалары мемлекет пен қоғам өмірінің барлық саяси, экономикалық, әлеуметтік, мәдени салаларына қатысты. Әрине, Негізгі Заңның құқықтық нормалары әлеуметтік қатынастардың маңызды, негізгі аспектілерін ғана реттейді.

Қазақстан Республикасы Конституциясының конституциялық құқықтың басқа көздерімен салыстырғанда жоғары заңдық күші, тікелей ықпалы бар және Қазақстанның бүкіл аумағында қолданылады. Қазақстан Республикасында қабылданатын заңдар мен басқа да нормативтік құқықтық актілер Конституцияны негізге алуға тиіс және оған қайшы келмеуге тиіс. Егер олар Конституцияға қайшы келсе, онда олар жарамсыз және қолданылмауы керек. Елдің Негізгі Заңында оның ережелерінің ең жоғары заңды күшін қамтамасыз ету кепілдіктері белгіленген.

Қазақстан Республикасы Конституциясының идеялары, қағидаттары, құқықтық нормалары бүкіл қоғам өмірінің неғұрлым елеулі аспектілерін реттейді:

әрбір адамға, азаматқа, қоғамдық бастаманың барлық субъектілеріне (бірлестіктерге, қозғалыстарға, өзін-өзі басқару органдарына және т.б.) қатысты болады. Қазақстандағы тәуелсіздік пен егемендіктің 30 жылдан астам жетістіктері мен жеңістері елдегі конституциялық құрылыстың тұтастай алғанда дұрыс жолмен өткенін көрсетті.

ТҰРАҚТЫЛЫҚ ҮШІН НЕГІЗ ҚҰРДЫ

Ұлтаралық және конфессияаралық қатынастарды орнататын нормаларды анықтай отырып, қолданыстағы Конституция тұрақтылық үшін негіз құрды, өйткені онда ұлтаралық алауыздықты қоздыратын немесе билік пен халық арасындағы революциялық қарама-қайшылыққа ықпал ететін прецеденттер жоқ. Нәтижесі айқын: тәжірибе көрсетіп отырғандай, Қазақстан қазіргі кезеңде Орталық Азияның неғұрлым тұрақты және экономикалық тұрғыдан дамыған мемлекеті болып табылады.

Конституция қатып қалған құқықтық материя бола алмайды, ол қоғамда болып жатқан өзгерістермен бірге өзгереді. Бүгінде, мысалы, Қазақстанда жергілікті өзін-өзі басқаруды одан әрі дамыту қажеттілігі туралы өткір мәселе тұр. Бұл институт азаматтық қоғам мен мемлекеттің тоғысында орналасқан. Оның үстіне, бұл институт азаматтық қоғамға көбірек жақын деп айтуға негіз бар. Наурыз айындағы Қазақстан халқына Жолдауында ҚР Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев ең алдымен мемлекет пен жергілікті өзін-өзі басқару органдары функцияларының аражігін тиімді ажырату қажеттігіне назар аударды. «Жергілікті өзін-өзі басқарудың мықты жүйесі – азаматтардың туған елді мекендегі өмір

сапасын жақсартуға тікелей қатысуының базалық негізі екенін түсіну керек» деп атап өтті Президент.

КОНСТИТУЦИЯНЫ ЖЕТІЛДІРУ КЕРЕК

Мұның бәрін, біздің ойымызша, Негізгі Заңға белгілі бір өзгерістер мен толықтырулар енгізу арқылы ғана жасауға болады, бұл ішінара соңғы конституциялық реформа кезінде жасалды. Себебі, жергілікті өзін-өзі басқару – бұл халықтың жергілікті маңызы бар белгілі бір міндеттерді өз жауапкершілігімен шешуге арналған институты, демек бұл азаматтық қоғам институты. Бірақ жергілікті өзін-өзі басқаруды ешбір жағдайда мемлекеттен бөлек қарастыруға болмайды.

Жергілікті өзін-өзі басқарудың мемлекеттік органдармен қарым-қатынасын дұрыс құру үшін белгілі бір мемлекеттік өкілеттіктерді, атап айтқанда, әлеуметтік-экономикалық сипаттағы жергілікті өзін-өзі басқару органдарына заңды түрде беру қажет. Бұдан әрі мемлекеттік билік органдары мен жергілікті өзін-өзі басқару функцияларының аражігін ажырату қағидатын конституциялық тұрғыдан бекіту қажет. Онсыз жергілікті өзін-өзі басқарудың нормативтік-құқықтық базасын дамыту тиісті дәрежеге ие болмайды.

Қазақстанның қазіргі саяси басшылығының көші-қон және отандастардың Қазақстанның ауқымды аумақтарына қоныс аударуы тұрғысынан көреген бағыттың стратегиялық және саяси мәні зор, сондықтан ол тек әлеуметтік тұрғыдан ғана қамтамасыз етілмеуі тиіс, бұл Конституцияның кейбір нормаларында баянды етілуге тиіс. Айталық, «ҚР-дағы әркімнің білім алуға құқығы бар: және жеке ережемен «ҚР

азаматтарының заңда белгіленген тәртіппен тегін білім алуға құқығы бар» деп жазу керек.

МЕМЛЕКЕТ ҰМТЫЛУҒА ТІІС БАСЫМ МАҚСАТ

ҚР Конституциясының 1-бабы Қазақстанды құқықтық, демократиялық, зайырлы және әлеуметтік мемлекет ретінде жариялайды деген тіркестегі «ретінде» сөзіне назар аударыңыз.

«Ретінде» деген тұжырым демократиялық, құқықтық, зайырлы және әлеуметтік мемлекет құру жолымен ғана жүріп келе жатқанымызды білдіреді, бірақ Қазақстанда мұндай мемлекет құрылды деп ешбір жағдайда айта алмаймыз. Бұл – кез келген мемлекет ұмтылуға тиіс басым мақсат. Кез келген мемлекеттің Конституциялары халықтың менталитетін көрсетеді және оның сәулетшілері мен әзірлеушілері егер бірінші болмаса, онда алыс және соңғы емес, кезекте осы фактордан туындайды деп айтуға негіз бар. Конституция, Негізгі Заң бола отырып, ел дамуының басым бағыттарын көрсетіп қана қоймай, сонымен бірге ғасырлар бойы қалыптасқан салт-дәстүрлерді қандай да бір жолмен немесе басқаша түрде бекітуі керек.

Бүгінде Қазақстанда Мемлекет басшысының бастамасы бойынша Ұлттық Құрылтай институты қайта жанданып, жұмыс істей бастады.

Тағы бір ескеретін маңызды мәселе, конституциялық құқық теориясы мен құқықтық болмыс тұрғысынан ҚР Конституциясының 27-бабы 1-тармағының тұжырымы белгілі бір алаңдаушылық туғызады, оған сәйкес неке мен отбасы, ана мен әке және бала мемлекеттің қорғауында болады. Батыста, біздің ойымызша, дәстүрлі қазақ отбасы үшін түбегейлі түрде қайшы келетін



және қабылданбайтын бір жынысты некені заңдастырудың және тіпті олардың бала асырап алуының өсіп келе жатқан теріс үрдісін ескере отырып, бұл, осы тармақта неке еркек пен әйел арасындағы одақ ретінде деп императивті түрде жазылуы керек және одан әрі ҚР Негізгі Заңының мәтіні бойынша сипатталады.

Бұл тұжырымдама кейбір посткеңестік елдердің (көршілеріміздің) конституцияларында соңғы жүргізілген конституциялық реформалар барысында берілген.

ҚР Конституциясының 1-бабында айтылғандай, Қазақстан өзін демократиялық, құқықтық және әлеуметтік мемлекет ретінде орнықтырады. Демек, мемлекет

мүгедектер сияқты топтарға қамқорлық жасауға міндетті. Бірақ Конституция қоғамдық қатынастардың барлық салаларын (айталық, мүгедектердің мемлекетпен қарым-қатынасын) реттеуге міндетті емес. Онда тек бастапқы ережелер, негізгі идеялар мен принциптер бар. Осыларды негізге ала отырып, әсіресе, әлеуметтік қорғауға бағытталған ағымдағы заңнама оларды тәжірибеде жүзеге асыруы тиіс. Бұлай болған жағдайда тағы да жергілікті өзін-өзі басқаруға ораламыз. Егер оның нақты реформасы өтетін болса, онда жергілікті өзін-өзі басқару органдарының өз бюджеті, мемлекеттік өкілеттіктері болады, бұл оларға әлеуметтік саясатты да, жастардың қызметіне және кедейлер мен

мүгедектерді қолдауға байланысты саясатты да іске асыруға мүмкіндік береді.

НЕГІЗГІ ЗАҢНЫҢ ӘЛЕУЕТІН КҮШЕЙТУ ҚАЖЕТ

Елдің прогрессивті дамуы үшін қолданылып жүрген Конституцияның әлеуетін жеткілікті деп тани отырып, соған қарамастан, жоғарыда баяндалғанды негізге ала отырып, Қазақстанның Негізгі Заңының әлеуетін күшейту керек. Бір баптың шеңберінде біздің Конституциямыздың барлық проблемалық мәселелерін (және олардың саны аз емес) баяндау мүмкін емес. Сондықтан Негізгі Заңның прогрессивтілігі туралы мемлекетте болып жатқан өзгерістер бойынша айтуға болатынын атап өткен жөн. Басқа елдердің Конституциялары туралы айтқанда, белгілі бір нормаларға ғылыми-теориялық тұрғыдан баға беруге болады, бірақ Конституцияның құқықтық идеялары мен принциптерін іске асыру, ең алдымен, халықтың әл-ауқатында көрініс табуы керек. Өйткені, халықтың әл-ауқаты – дұрыс жазылған Конституцияға тікелей байланысты. Демократиялық институттардың дамуы, көппартиялық, экономикалық даму, мемлекеттің әлеуметтік саясаты, ең алдымен, елдің Негізгі Заңының нормаларында бекітіледі.

Қорытындылай келе, егер еліміздің Негізгі Заңы қажетті және жеткілікті әлеуетке ие болса, саяси, әлеуметтік-экономикалық және құқықтық реформалар жүргізуді көздейтін Жаңа Қазақстанның құрылысы табысты болатынын атап өткіміз келеді.

Ө.Ш.ЖАЛАИРИ,
заң ғылымының докторы,
профессор,
Д.А.Қонаев атындағы
Еуразиялық заң академиясының ректоры.

Е.Е.ДҮЙСЕНОВ,
заң ғылымының докторы,
Д.А. Қонаев атындағы
Еуразиялық заң академиясының профессоры.

ҰЛЫЛЫҚТЫҢ ТОЙЫ



ТҰЛҒАТАНУ

Ахмет Байтұрсынов 1926 жылы Баку қаласында өткен бірінші Бүкілодақтық түркологтар съезіне делегат ретінде қатысқан. Бұл факт біздің еліміз бен халықтарымыз арасында қашан да тығыз байланыс болғанын тағы бір рет дәлелдейді деп ойлаймын.

Қасым-Жомарт ТОҚАЕВ.

ЗАМАНСӨЗ

«АЛҒАШҚЫ БОЛЫП ДАУЫС КӨТЕРДІ»

«...Қиын кезеңде Ахмет алғашқы болып дауыс көтеріп, қазақ мектебін бір жағынан дүмше молдалардан, екінші жағынан патша миссионерлері ықпалынан құтқару үшін қызмет етті».

Телжан ШОНАНҰЛЫ.

АЛАШОРДАШЫЛАР КҮНДЕЛІГІНЕН

ӘЛІМХАН ЕРМЕКОВ ТУРАЛЫ...

«Лениннің біздің Әлімханмен төрт сағатқа сөйлесуге жарады. Осал емес екен».

Ахмет БАЙТҰРСЫНҰЛЫ.

- **Біздің анықтама:** *Большевиктер көсемі Ленин Алашорданы ақтап, кешірім жасағаннан кейін Қазақ елінің атынан Ресеймен келіссөзге Алашорда Үкіметі Әлімхан Ермековті жібереді. Ленинмен төрт сағат бойы сөз жарыстырған Ә.Ермеков Қазақстанның осы бүгінгі шекарасын шегелеп, басқа да көп шаруаны тындырып шығады. Сонда Ахмет Байтұрсынов Алашорда Үкіметінің ең жас мүшесі Әліхан Ермеков туралы осылай айтты деген сөз бар.*

БІЛГЕНІЗ ЖӨНІ

Әзербайжан елінің Сумгаит қаласының орталық көшелерінің біріне қазақ халқының көрнекті өкілі, ағартушы, түркітанушы Ахмет Байтұрсынұлының есімі берілген.

ЗЕРТТЕУ – ЗЕРДЕЛЕУ

АХМЕТТІҢ «ӘЛІПБИ» МЕН «ӘЛІППЕСІ»

Ендігі кезектегі қолға алынуы тиіс маңызды іс – қолданыс дәуірі қысқа болған Ахмет Байтұрсынұлы жасаған «Әліпби» мен «Әліппенің» теориялық деңгейдегі табиғатын зерттеу және орнықтыру. Содан соң «Ахметтану» жүйесінде аса қажетті компонент ашу – «Әліппені» оқитудың Ахмет Байтұрсынұлы қалыптастырған «Дыбыс технологиясы» тақырыбын зерттеу.

Несібелі ЖӘКЕНҚЫЗЫ,
педагогика ғылымының докторы, профессор.

ҰЛТ ҰСТАЗЫНЫҢ ОЙ-ОРАМДАРЫНАН

«Өткендердің көзіне қырау түскеніне өкінбей, өз көзіне түскен қырауды аршып қара».

«Қазақ – жоқшы, жоғын іздеген қуғыншы».

«Халықты қаңсылату – обал, халықты зар жылату – мейірімсіздік, халықты тамақ үшін сату – иттік».

«Қайраткер басын бәйгеге тігіп іс қылуын айып көрмейді, адамдық деп біледі. Басын қорғап, мақсатын іздемей қалу – оған өлім».

«Ұлттық езгі ұлттық сезім туғызбай тұра алмайды».

«Қазіргі қазақ мәселелерінің ең зоры – жер мәселесі. Бұл – казактың тірі із өлі болу мәселесі».

А.БАЙТҰРСЫНҰЛЫ.

ЗАҢҒЕР ТҰЖЫРЫМЫ

ӘДІЛЕТТІ ҚАЗАҚСТАНҒА ҰМТЫЛЫС – МАҢЫЗДЫ ҚАДАМ



Елімізде 30 тамыз Конституция күні екенін білесіздер. Бұл өте мән-маңызы жоғары мейрам болып есептеледі. Біздің Ата Заңымыз бүкіл заңдардың қайнар бұлағы һәм көзі деп санаймыз. Биылғы жылы ерекше болуда. Осыған дейін әртүрлі өзгертулерде жұмысы топтарында болғанбыз. Бұл жолғы өзгерістердің жөні тым бөлек. Ол істерді жан-жағынан талдап, халыққа ыңғайлы тұсын ерекшелеп, ұсыныстар бергенбіз. Оның өз жөн-жосығы болды. Алайда, кең өрістеп кете алған жоқ. Біз ұсынған өзгерістер белгілі бір деңгейде ғана жүзеге асты.

Қазіргі өзгерістер аса қоматты әрі кәделі болғалы тұр. Жоғары сапалы заңдарды Парламентте қабылдап, ел игілігіне жұмыс істейді деген сенімдеміз. Осыған дейін бір адамның қолына немесе бір ғана топтың ыңғайына шексіз күш ыңғайланған еді. Енді оның да базары тарқап барады. Бұдан бұлай 30% халықтың даусымен Парламентті жасақтайды. Одан кейін бұрын Конституциялық кеңес еді, енді Конституциялық сот болатын болды.

Сайлауға қатысты өзгерістерді тілге тиек етейік. Бұрын 20 мың қол жинау керек болса, ендігіде 5 мың адамның қолы да жеткілікті болайын деп тұр. Осындай жасқы бағытқа өзгерулер Жаңа Қазақстан құруға септігін тигізеді.

Өткен 5 маусымда жалпыхалықтық референдум өтті. Оның нәтижесі ретінде президент, парламент, сайлау туралы заңдар қабылданбақ. «Естітін мемлекет» деп айтудамыз, осының бәрі іс жүзінде орындалса, нұр үстіне нұр болмақ. Жаңадан құрылған Жетісу, Ұлытау, Абай өңірлерінен Сенатқа депутаттар сайланады. Оны да мәслихат таңдайды. Бұл да өзгерістің бір парасы. Сонымен қатар, мәслихат депутаттары мен көмекшілеріне де жаалақы төлеу керек деп санаймыз. Өйткені, айлық ынта береді.

Сонымен бірге, бір нәрсені шегелеп айтуды жөн санаймын. Ол біздің мемлекеттік тілімізге тікелей қатысты. Көбісі заң, құқық, сот саласында қазақ тілінің мәртебесі өз деңгейінде еместігіне наразы. Сондықтан мемлекеттік тіл мәртебесіне бей-жай қарамаған абзал.



PIKIP

Асқар ХИКМЕТОВ,
ХАТҮ АҚ басқарма төрағасы, ректор:



Қазақстан Республикасы Конституциясының қолданысқа енгізілгеніне биыл 27 жыл толып отыр. Осы кезеңде еліміздің Негізгі Заңы – орнықты, тәуелсіз мемлекет құрудың, тұрақты даму мен жаңа құқықтық кеңістік қалыптастырудың серпінді нормативтік тұғырына айналды.

Ата Заңымызда Қазақстан Республикасының әрбір азаматының жеке бас бостандығы мен құқықтарына кепілдік берілген. Біз еліміздің осы басты төлқұжатының арқасында өзгелермен терезесі тең мемлекет құрдық, халықаралық саясат сахнасында лайықты орын алып, әлемге танылдық, әлеуметтік-экономикалық, құқықтық тұрғыда ұшан-теңіз жетістікке жетіп, алға нық қадам басып келеміз.

TILEK

Шолпан БОСТАНҚЫЗЫ,
заңгер, «Ел бірлігі» одағының президенті:



Тәуелсіздік алғаннан кейінгі алғашқы қабылданған заңда заңнамалық баптардың бәрі ашық жазылғанымен, алғашқы Президенттің лауазымы, міндеті, құзыреттілігі ол жерде көрсетілмеген еді. 1995 жылғы Ата Заңмен салыстырғанда үлкен айырмашылық бар. Маңызы – сонда. Биыл референдум өткені белгілі. Талқылау өтті деп есептеуге болады. Сол талқылау барысында 22 өзгеріс енгізіліп, маңыздысы – алғашқы Президенттің құзыретін алып тастау амалдары қарастырылды. Себебі, басқа мемлекеттерде мұндай баптар көрсетілмеген. Заңгерлер қатысып, өздерінің ұсыныстарын білдірді. Заңның кейбір түсініксіз тұстары референдумда ашық айтылып, өзгерістер енгізілгеніне толық көңілім толады. Бірақ айта кететін бір жайт бар. Ата Заңда әлі күнге дейін бұрынғы президенттің қолы тұр. Түбегейлі өзгеруі үшін Президенттің қолы да өзгеруге тиіс деп есептеймін. Яғни қазіргі Президент Қ.Ж.Тоқаевтың қолы тұруы керек.

Конституцияның тәуелсіздік үшін маңызын ең бірінші мемлекеттік тілден бастауымыз керек. Ұлттық мәні өте жоғары. Тарихи мағынасы бар. Тәуелсіздік біздің ұлттық бостандығымыз. Ол – саяси, шаруашылық, әлеуметтік жағынан мемлекеттік үрдісті сақтап қалу. Жалпылама тілде Конституция деп аталғанымен, біз «Ата Заң» деп атауымыз керек. Себебі, ол жерде ұлттық мағына бар. Біздің ұранымыз екенін білдіріп тұрады. Халықтың ар-ұжданы, намысы мен абыройы жатыр.

Маман ретінде зерттеуімше, Тәуелсіздік алған соңғы 30 жыл ішінде халықтың құқықтық сауаты өте төмен деңгейде және олар заңды білуге талпынбайды. Неге? Оған халықты кінәлауға болмайды. Біріншіден, бізде заң жерге жекеменшік құқық берілгендіктен азаматтар пендешілікпен өз басын ғана ойлап кетті. Көпшілігі заңның халық

ЖАСТАР ҮШІН МАҢЫЗДЫ БЕЛЕС

Конституциямызды халқымыз құрмет тұтады. Конституция бойынша Қазақстан Республикасы өзін демократиялық, зайырлы және құқықтық мемлекет ретінде орнықтырады. Жоғарыда айтқанымдай, Ата Заңымыз азаматтарымыздың ұлттық, азаматтық, әлеуметтік, саяси құқықтарының қорғалуы мен жүзеге асуының кепілі болып отыр. Халық мемлекеттік биліктің бірден-бір қайнар көзі болып табылады және оны тікелей республикалық референдум, еркін сайлау арқылы, сондай-ақ өз билігін мемлекеттік органдарға беру арқылы жүзеге асырады.

Биыл 5 маусымда елімізде Ата Заңға толықтырулар мен түзетулер бойынша өткізілген жалпыхалықтық референдумды ерекше атап өтуіміз керек. Бәріміз маңызы ерекше тарихи оқиғаның куәсі болдық. Қазақстан халқы ерікті түрде тарихи таңдауын жасады. Конституцияға енгізілетін өзгерістер тұңғыш рет жалпыхалықтық референдум нәтижесінде қабылданып, Жаңа Қазақстанға, әділетті қоғамға қарай қадам бастық.

Конституциялық реформаның іске асырылуы және Жаңа Қазақстан құру идеясы елімізді ынтымақ, бірлік, татулыққа бастайтыны сөзсіз. Азаматтардың құқығын қорғау мәселесіне келгенде, біздің Конституциямыз демократияның барлық талаптарына сай келеді. Мұны әлемнің бірқатар дамыған елдері де мойындап отыр.

Ендігі мәселе, Конституциялық реформа мен заңнаманың маңыздылығы қазақстандықтарға, оның ішінде жастарымызға жыл он екі ай үздіксіз айтылуы қажет. Бұл тек Конституция күні қарсаңында айтылатын

мәселе емес. Әсіресе, мектеп қабырғасындағы, білім ошақтарындағы оқушылар мен студенттеріміздің санасына еліміздің Негізгі Заңының бағдарларын мықтап сіңірсек, мемлекетіміздің әлеуеті алға бастыны анық. Әр азамат өзінің құқықтарымен қоса, міндеттерін де жақсы білгені қоғам үшін де, мемлекет үшін де, адам үшін де бірдей тиімді. Сондықтан бұл науқандық шара емес. Әрбір мекемеге кірген кезде сол мекеменің жұмыс аясына қатысты баптарды іліп қою қажет деп ойлаймын. Мысалы, емхананың кіреберісінде Конституциядағы денсаулық сақтау саласына қатысты бап ілініп тұрсын. Азаматтарымыздың алғашқы тегін медициналық көмек алуға құқығы бар екені жазылып қойсын. Білім ошағында білімге қатысты, әскери орында қорғанысқа қатысты баптар жазылсын.

Ата Заңымыздың өміріміздегі орнын, рөлін, маңызын осындай нақты істермен насихаттауымыз керек. Сонымен қатар, еліміздің әрбір азаматының мемлекет мүддесі жолындағы парызы мен борыштарын түсіндіру жұмыстары да қалыс қалмауы қажет. Түптеп келгенде, әркім Қазақстан Республикасының Конституциясын және заңдарын сақтауға, мемлекеттің мүддесін тұғырлатуға, отандастарының құқықтарын, бостандықтарын, абыройы мен қадір-қасиетін құрметтеуге міндетті. Жалпы, жаңартылған Конституция бізге мемлекетіміздің тәуелсіздігін ашық демократиялық қағидаттар негізінде тұғырлатуға мүмкіндік бермек. Бұл, әсіресе, бүгінгі студент-жастарымыз үшін маңызды белес болмақ. Ал, мемлекетшіл, білімді, іскер де білікті жастарымыз бүкіл қоғамның дамуына тың серпін берері сөзсіз.

СОТ ЖҮЙЕСІН ҮЛКЕН ӨЗГЕРІС КҮТІП ТҰР

бағытта ешқандай құқық қорғау органдары айналысып жатқан жоқ. Бәрі болары болып, бояуы сіңгеннен кейін барып әрекет жасайды. Жазалауға ұмтылады. Құрту, жою, соттау жағына ғана бас қатырамыз.

Құқықтық мәселелерді зерттеуге және оны реттеуге, дұрыс қолданылуына бірден-бір жауапты тұлғалар – құқық қорғау органдары. Бүгінде олардың халықпен жұмыс істеуі өте төмен деңгейде. Президент Қ.Ж.Тоқаев халыққа бет бұру екенін айтып өтті. Құқық қорғау органдарының кейбірі – білімсіз. Тіпті, ол нәрсе сот жүйесінде де бар. Қоғамдық қатынасты реттейтін қоғамдық бірлестіктердегі заңды тұлғалардың заңнамасын білмейтін соттар да бар. Референдумда Конституциялық сот құру туралы ұсыныс айтылып, бекітіліп, қабылданды. Оның құзыреті өте үлкен. Конституциялық сот – халықты қорғайтын сот.

1993 жылғы заңда Конституциялық сот туралы жазылған, ал 1995 жылғы заңда ол жоқ. Бірақ референдум туралы айтылады. Сонда референдумның қорытындысын кім қарайды? 1993 жылғы заңда Конституциялық сот, жоғары соттардың құзыреті және сот жүйесінің, құқық қорғау органдарының, прокуратураның, басқа да мемлекеттік мекемелердің құзыреті және олар халыққа қалай қызмет ету керектігі жақсы жазылған. Ал 1995 жылғы заңда жоқ екенін байқадық. Конституциялық сот болмаса, Жоғары сотқа дейін жеткен соттың үкімдері мен шешімдері ашық қалады. Конституциялық сот болғаны өте тиімді. 1 желтоқсан құрылады делінген. Мүмкін жаңа жылдан бастап Конституциялық сот құрылып қалар деген ойдамыз. Келесі жылы біздің сот жүйемізде өте көп өзгерістер болады.

Гүлжанат МАРАТҚЫЗЫ.

ЖАҢА ҚАЗАҚСТАНДЫ ҚҰРУҒА ДАЙЫНБЫЗ

Конституциядағы заңдар азаматтарымыздың өмірін жақсартып, әр адамның бақытты болашағын қалыптастыруға бағытталған. Біз өзіміз үшін ғана емес, ұрпағымыз үшін шаңырағы биік, керегесі кен, табалдырығы берік Жаңа Қазақстанды құруға дайынбыз. Ол үшін әлеуетіміз де, күшіміз де, жігеріміз де жетеді. Біз тарихи сәттерде бір жеңнен қол, бір жағадан бас шығаратын халықпыз. Ендігі кезекте саяси реформаларды аяғына дейін жүргізуіміз маңызды. Бұл реформалардың мәні мен мақсатын халыққа дұрыс түсіндіру ортақ борышымыз.

Себебі, кез келген тарихи сәттің орын алуы қашанда халықтың шынайы

қолдауына ие болғанда ғана жүзеге асады. Осы ойымды барлық этно-мәдени бірлестіктердің жетекшілері қолдайтынына еш күмәнім жоқ. Сондықтан бұл бағытта елге жанашыр, мемлекетшіл, отаншыл азаматтардың күш-жігерін біріктіру қажет деп есептеймін. Ассамблеяның құрылымдары мен мүшелері алдыңғы сапта болуы керек. Біз бұл мәселеге Ассамблеяның ғылыми сарапшылық кеңесінің де күшін жұмылдырамыз.

Ата Заңымыздың айбыны асқақтай берсін, Конституция күні құтты болсын!

Олжас ЖОЛДЫБАЙ.

КЕҢЕС

Мәселелер талқыланды

Алматының Қала құрылыс кеңесінің мүшелері ұйымдық мәселелерді талқылау бойынша алдын ала отырыс өткізді.



Айжан БҮРКІТБАЕВА

Ашық дауыс беру арқылы Кеңес төрайымы болып белгілі сәулетші-қала салушы Любовь Нысанбаева, оның орынбасарлығына урбанистші Асхат Садуов, хатшылығына «Алматы-басжоспар» ҒЗИ» ЖШС директорының орынбасары Айнұр Сарбаева сайланды. Кандидаттардың сайлану мерзімі – 1 жыл.

Жобаларды қарау жөніндегі Қала құрылыс кеңесінің алғашқы отырысы ағымдағы жылдың 14 қыркүйегінде сағат 9.00-де өтеді. Кеңес отырысы айына кемінде 2 рет «Алматыбасжоспар» ғимаратында кеңесуші орган белгілеген жұмыс кестесі бойынша (әр айдың 2 және 4-ші сәрсенбісінде) өткізіледі.

Сәулеттік – кеңістік және сәулеттік – жоспарлау туралы кеңес мүшелерінің толық мағлұмат алуы үшін материалдар мынадай кезеңде ұсынылуы мүмкін: алдын ала жоба зерттеулері, тұжырымдама, бас жоспар, эскиз, жоба және жұмыс жобасы.

Кеңес жобаларды бағалаудың келесі критерийлер анықтады:

- 1) *бас жоспарға және түбегейлі жоспарлаудың бекітілген жобаларына сәйкестігі;*
- 2) *функционалдық аймақтарға бөлу, қызыл сызықтар мен жер бетінің тік белгілерін сақтау сәйкестігі;*
- 3) *жоба учаскенің орналасқан ауданындағы тұрғын үй қорының тығыздығы қаланың бас жоспарына және егжей-тегжейлі жоспарлау жобаларына сәйкестігі;*
- 4) *жобаланған жобада әлеуметтік нысандардың болуы;*
- 5) *сәулеттік-кеңістіктік стилі жағынан қаланың түбегейлі жоспарлау жобалары мен бас жоспарына сәйкестігі;*
- 6) *инженерлік желілердің параметрлері қаланың бас жоспарындағы және түбегейлі жоспарлау жобалары бойынша жобалық шешімдердің сәйкестігі.*

Қаралған жобаның нәтижелері бойынша кеңес дауыс беру арқылы ескертулермен мақұлдайды, пысықтауға қайтарады немесе бас тартады.

Бастысы, отырысқа кеңес мүшелерінің кемінде 2/3 бөлігі қатысса, қабылданған шешімдер заңды деп есептеледі. Дауыс беруден қалыс қалған кеңес мүшесі хаттамаға өзінің ерекше пікірінің мәтінін қоса беруге міндетті.

Еске салсақ, Қала құрылыс кеңесі іске асыруға ұсынылатын қала құрылысы және сәулет жобалары бойынша шешімдерді ашық талқылау және қабылдау үшін Алматы қаласының әкімі Ерболат Досаевтың тапсырмасы бойынша Қала құрылыс кеңесі құрылған болатын.

Кеңес мүшелерінің әрқайсысының өз салалары бойынша тәжірибелері мол екенін атап өткен жөн. Ең маңыздысы, Кеңес отырыстарында қаралатын мәселелердің ерекшеліктеріне қарай өзге де сарапшылар шақырылады әрі қатыса алады. Осылайша қала құрылысы мен сәулет жобаларының барлық аспектілері қатар зерттелетін болады.



НЕГІЗГІ ЗАҢ

Ата Заңымыз – кастерлі Тәуелсіздігіміздің сенімді тірегі. Конституция мемлекетіміздің заң жүзінде және саяси тұрғыдан демократия қағидаттары мен заң үстемдігін ұстанатынын айғақтайды. Сондай-ақ, ұзақ мерзімді даму бағдарымызды айқындайды.

Қасым-Жомарт ТОҚАЕВ.

ЕЛІМІЗДІҢ БАСТЫ ҚҰЖАТЫ



Конституция – ел тәуелсіздігінің, мемлекеттігінің негізгі тірегі, саяси-құқықтық төлқұжаты, қоғам мен мемлекеттің Негізгі Заңы, олардың дамуының іргелі мақсаттары мен принциптерін, экономиканы, әлеуметтік және рухани өмірді ұйымдастырудың негіздерін, мемлекеттік механизмнің жұмыс істеуін белгілейді.

Конституциямызда адамдардың табиғи құқығы мен бостандығы, билік институттарын демократиялық жолмен қалыптастыру және дамыту, Қазақстанда азаматтық қоғам құру

туралы дүние жүзі таныған прогрессивті идеялар бекітілді. Ең жоғарғы заңдық күші бар Қазақстан Конституциясы республикадағы қолданылатын және қалыптасып жатқан құқықтық жүйенің нормативтік бастауы бола тұра, қоғамдық және мемлекеттік құрылыстың маңызды жақтарын реттейді.

Қазақстанның Негізгі Заңының тарихын зерделесек...

Қазақ елінің тарихында алғашқы заңдар Қазақ хандығының кезінде жасалды, олар қазақтың үш көрнекті ханы – Қасым («Қасым ханның қасқа жолы»), Есім («Есім ханның ескі жолы») мен Тәукенің белсенді заң шығару қызметі нәтижесінде өмірге келген («Жеті жарғы»). Ұлы дала елінде ең әйгілі болып, кең тарағаны Тәуке ханның «Жеті Жарғы» деп аталған заңдар жинағы болды. Кейіннен Ресей империясына қосылған кезде Қазақстан Ресей империясының заңдар кодексіне сүйенді, тиісінше, Қазақстанда конституция болған жоқ.

XX ғасырдың басында алғашқы конституцияны құру әрекеті сонау 1911 жылы болды: Барлық Сыртанов егеменді мемлекет құру идеясын негізге алған «Қазақ елінің Жарғысы» құжатын дайындады, бірақ оның әрекеті сәтсіз аяқталды. Оны ол кезде жүзеге асыру мүмкін емес еді.

1917 жылы «Қазақ» ұлттық газеті «Алаш» партиясының бағдарламасын жариялады, онда мемлекеттік билікті үш тармаққа бөлу, жалпыға ортақ сайлау және т.б. идеялары көтерілді. Құжаттың құрылымы сол кездегі Еуропа мемлекеттерінің конституцияларына ұқсас болды.

Дегенмен, нағыз конституциялық актілер 1920 жылдан 1991 жылға дейінгі аралықта Қазақстанның Кеңестік Социалистік Республикалар Одағына (КСРО) қосылу кезеңінде әзірленді және қабылданды. Осы кезеңде бірнеше Конституция қабылданды.

• Қазақстанның бірінші Конституциясы КСРО құрылғаннан кейін 1926 жылы 18 ақпанда Қазақ АКСР Орталық Атқару Комитетінің Жарлығымен соңғы редакциясында қабылданды.

• 1937 жылы 26 наурызда Кеңестердің X Жалпықазақ съезінде қабылданған Қазақ КСР Конституциясы 11 тарау мен 125 баптан тұрды.

• 1978 жылдың 20 сәуірінде IX шақырылған Республика Жоғарғы Кеңесінің кезектен тыс VII сессиясында қабылданған Қазақ КСР Конституциясы кіріспеден, 10 бөлімнен, 19 тараудан, 173 баптан тұрды.

Оған сәйкес барлық билік таптық принцип бойынша жұмысшыларға, шаруаларға және еңбекші интеллигенцияға бөлінген халыққа тиесілі болды. Билік пен басқару органдарының жүйесінің басында Қазақ КСР Коммунистік партиясы тұрды (6 - бап).

• 1978 жылғы Конституция республиканың ұлттық-мемлекеттік және әкімшілік-аумақтық құрылымын, жоғары және жергілікті билік органдарының құзыретін, сайлау жүйесінің принциптерін, халық депутаттарының құқықтық мәртебесін айқындады, мемлекеттік экономикалық жоспарлау және әлеуметтік даму, мемлекеттік бюджет, әділет, төрелік, прокурорлық қадағалау институттары және т.б. құрды.

• Тәуелсіз Қазақстанның бірінші Конституциясы 1993 жылы 28 қаңтарда XII шақырылған Қазақстан Жоғарғы Кеңесінің IX сессиясында қабылданды.

Құрылымдық жағынан кіріспе, 4 бөлім, 21 тарау және 131 баптан тұрды. Конституция Қазақстан мемлекеттік егемендік алғаннан бері қабылданған көптеген құқықтық нормаларды: халық егемендігін, мемлекеттің тәуелсіздігін, билікті бөлу принципін, қазақ тілін мемлекеттік тіл ретінде мойындауды, Президентті мемлекет басшысы ретінде тануды, сот органдарын – Жоғарғы, Конституциялық және Жоғарғы Арбитраждық соттар және басқаларды енгізді.

• 1993 жылғы Конституция парламенттік республика үлгісіне негізделген.

Бірақ уақыт өте келе тұңғыш Конституцияның кейбір тұстары нарықтық қоғамдағы өзгерістерге сәйкес болмай шыққаны байқалып, екі жыл өткеннен кейін қолданыста жүрген қазіргі Конституция қабылданды.

Дегенмен, Қазақстан Республикасының 1993 жылғы Конституциясы Мемлекеттің тәуелсіздігін заңды түрде рәсімдеді, халықаралық қауымдастыққа Қазақстанды тәуелсіз мемлекет ретінде танытты, біздің қоғамға жаңадан енген кейбір институттарды қоғамдық, саяси және құқықтық салаларда бекітті, сөйтіп сол кездегі үш негізгі міндетті шешті. Сондықтан Тәуелсіз Қазақстанның тұңғыш Конституциясы өтпелі кезеңде өз қызметі мен міндеттерін ойдағыдай атқара білген тарихи маңызды құжат болып табылады.

• Еліміздің басты құжаты – Қазақстан Республикасы Конституциясын 1995 жылғы 30 тамыздағы референдумда бүкіл Қазақстан халқы бірауыздан қабылдады.

Жаңа конституциялық құжатқа сәйкес Қазақстан президенттік басқару нысанындағы мемлекет болып жарияланды, ал 30 тамыз демалыс күні болып белгіленді. Ата Заң 9 бөлім мен 98 баптан тұрады. Онда еліміздің демократиялық, зайырлы, құқықтық және әлеуметтік мәртебесі, биліктің негізгі көзі – халық және мемлекеттің ең жоғары құндылығы адам, оның өмірі, бостандығы мен құқықтары екендігі көрсетілген.

1995 жылғы Конституцияның жаңа редакциясын дайындау кезінде оған Қазақстан Республикасы Президентінің жанынан арнайы құрылған сараптамалық-консультативтік кеңестің 9 мүшесі қатысты (1995 ж. 22 мамырда құрылған – Президент Жарлығымен). Кеңестің құрамына шенеуніктер, конституциялық құқық және азаматтық құқық мамандары және шақырылған 3 шетелдік сарапшы кірді.

Сол кездегі Әділет министрі Н.Шәйкеновтің басшылығымен арнаулы жұмыс тобы құрылды. Жұмыс тобына әлемнің әртүрлі елдерінің конституциялық құрылымы, билік тармақтарының өзара қатынасы, саяси партиялардың жұмысы, адам құқығына, жекеменшікке берілетін кепілдік және т.б. мәселелер жөнінде көптеген әдебиеттерді қарап шығуға тура келді. Оның алдына басқа елдердің тәжірибесін талдау негізінде біздің еліміздің талаптарына барынша жауап бере алатын Негізгі Заң жобасын дайындау міндеті жүктелді.

Сондықтан Конституцияның барлық ережелерінен біздің ерекше қазақстандық қолтаңбамыз, біздің халқымыздың өресі мен дәстүрлеріне және болашақтағы перспектива-



сына сәйкесетін өз болмысымыз байқалып тұрады.

1995 жылғы Конституция АҚШ-тың мемлекеттік билік тармақтарын құру мен бөлу тәжірибесін және Францияның жеке тұлғаның құқықтық мәртебесін қабылдады.

Ел тәуелсіздігін алғаннан бері Қазақстан сан өзгерістерді басынан өткерді.

• Қолданыстағы Конституция биылғы өткізілген жалпыхалықтық референдумға дейін төрт рет – 1998, 2007, 2011 және 2017 жылдары өзгертілді және толықтырылды.

Конституция өзінің әлеуетін тауысқан жоқ, оған енгізілген өзгерістер мен толықтырулар оны нақтылайды және нормаларын айқындайды.

Конституциялық бақылауды қамтамасыз ететін Конституциялық Кеңес тек Қазақстан мен Францияда ғана бар (ол биліктің бір тармағы мен партиясының құрамына кірмейді).

1996 жылдан 2016 жылға дейін Конституциялық Кеңес қолданыстағы Конституцияға қайшы келетін 17 заң жобасын қабылдамады.

Қолданыстағы Ата Заңның тарихи маңызы зор

Конституция бойынша Қазақстан Республикасы демократиялық, унитарлық, зайырлы, әлеуметтік, құқықтық мемлекет. Басқару нысаны бойынша Қазақстан мемлекеті президенттік республика болып анықталды. Конституция егемендіктің саяси және құқықтық негіздерін бекітіп, адамның өмірін, құқықтары мен бостандығын, тегіне, әлеуметтік жағдайына, нәсіліне, ұлтына, тіліне, дінге қатыстылығына қарамастан, адам мен азамат құқықтарының теңдігін мемлекеттің жоғары құнылықтары деп жариялады. Тәуелсіз Қазақстанның Конституциясы мемлекет пен қоғамның тұрақтылығы мен өркендеуінің мызғымас негізіне айналды.

Қазақстанда тиімді демократиялық институттар – президенттік институты, Парламент, сот жүйесі және белсенді азаматтық қоғам қалыптасты. Ата Заңымыздың негізінде елімізде жаһандық сын-қатерлерге төтеп беруге және бүкіл қоғамның мүдделерінің жүзеге асуын қамтамасыз етуге қабілетті мемлекеттік құрылымның тиімді жүйесін құруға мүмкіндік берген тарихи маңызды экономикалық және саяси реформалар жүргізілді. Соның бірден-бір дәлелі – Қазақстанның мемлекеттік құрылыстағы және экономиканы реформалаудағы жетістіктері. Конституциямыздың негізгі қағидаларына сүйеніп, нарық экономикасына көпшік және демократиялық қоғамның негізін қаладық. Осы іргелі, күрделі, ауқымды қайта құрулар мен реформалар Тәуелсіздік жылдары жүзеге асырылды.

Жаңартылған Конституция

2022 жылғы 5 мамырда Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев Конституцияға өзгерістер мен толықтырулар енгізу бойынша референдум өтетінін мәлімдеді. Президенттің айтуынша, түзетулердің мақсаты «жаңа мемлекеттік үлгіге, мемлекет пен қоғамның өзара іс-қимылының жаңа форматына» және «суперпрезиденттік басқару нысанынан ықпалды парламент және есеп беретін үкімет

болатын президенттік республикаға көшу» болып табылады». Жұмыс тобы 33 бапқа түзетулер әзірледі. Бұл Конституцияның үштен бір бөлігі.

Референдум 2022 жылдың 5 маусымында 77% оң нәтижемен өтті. Атап айтқанда, Конституциялық Кеңес Конституциялық Сот болып қайта құрылады. Парламент Мәжілісі аралас сайлау жүйесі бойынша сайланады, Мәжілісте Қазақстан халқы Ассамблеясының квотасы жойылады, Парламент Сенатында Президент ұсынған депутаттардың квотасы қысқартылады.

Біз адам құқығы мен бостандығын қорғау жүйесін кешенді түрде күшейтуге негізделген бағдарымызды жалғастыра береміз. Құқықтық реформа аясында Конституциялық сот қайта құрылады.

Конституциялық реформа жаңа дәуірге жол ашты

Президент елімізді дамытудың осы және басқа да мәселелері бойынша нақты шешімдерді қыркүйек айында өтетін Парламенттің кезекті сессиясының ашылуында айтатын болады. Кастерлі Тәуелсіздігімізді, ел бірлігін және қоғамдық келісімді нығайту – біздің негізгі міндетіміз. Бұл реформаларды Жаңа, Әділетті Қазақстан құру үшін жасап жатырмыз. Референдум қорытындысы біздің мемлекеттігіміздің тарихында мүлде жаңа дәуір басталғанын көрсетеді. Біз қазір барлық саланы жаңғыртуға кірістік. Осы жолда мемлекетті басқару үлгісін түбегейлі өзгерту қажеттігі туындады. Сол себепті, Мемлекет басшысы наурыз айындағы Жолдауында саяси жаңғырудың ауқымды бағдарламасын ұсынды. Оның басты мақсаты – елімізді одан әрі демократияландыру, халықтың мемлекетті басқару ісіне қатысу мүмкіндігін кеңейту. Сондай-ақ, Үкіметтің тиімділігін арттыру.

Конституциялық реформа адам құқықтары мен бостандықтарын қорғау жүйесін барынша күшейтеді. Сонымен бірге, еліміздегі саяси бәсекенің әділ және ашық болуын қамтамасыз етеді. Біз Ата Заңымыздың отыздан астам бабына өзгеріс енгіздік. Конституция баптарының үштен бірі өзгерді. Ашығын айтсақ, Конституциямыз мүлде жаңа сипатқа ие болды. Оның бәрі азаматтарымыздың мүддесіне толық сай келеді. Осылайша мемлекетімізді түбегейлі жаңғыртамыз. Сол арқылы Екінші Республикамыздың негізін қалаймыз.

Жүргізіліп жатқан реформалар Қазақстандағы адам құқықтарын қорғауды және азаматтық қоғамның дамуын жаңа деңгейге шығарады.

Сонымен, қорыта келгенде, Мемлекет басшысының ұсынысы және бастамасымен қолға алынып, жалпыхалықтық референдумда азаматтардың басым көпшілігінің қолдауына ие болған түзетулер мен өзгерістер Ата Заңымыздың мәні мен маңызын одан әрі арттыра түседі. Қазіргі реформаның ерекшелігі – мемлекетімізді жетілдіру, жаңғырту және нығайту. Конституция Қазақстан мемлекеттілігінің және елдің даму стратегиясының негізі болып табылады.

Сабырхан СМАҒҰЛОВ,
Қазақстан тарихы кафедрасының
оқытушысы.



ТҮЛҒАТАНУ

АТА ЗАҢНЫҢ АРДАҚТЫЛАРЫ

Өз тәуелсіздігіне қол жеткізген, ізгілік пен әділдік салтанат құрған зайырлы мемлекеттің Конституциясының өмірге келуі белгілі тұлғалар Сұлтан Сартаев пен Салық Зимановтың есімімен де тығыз байланысты.

Өркениет перзенті



«Адам баласы адам баласынан ақыл, ғылым, ар, мінез деген нәрселермен озады» деп ұлы Абай айтқандай, замандастарынан оза туған ірі тарихи тұлғалардың бірі, 500-ден аса ғылыми еңбектің авторы, мемлекетіміздің Заңгерлер одағының тұңғыш президенті, егеменді еліміздің заң ғылымының негізін қалаушылардың бірі – Сұлтан Сартаев.

Еліміз тәуелсіздігін алып, өркениетті елдер қатарынан көрінуге талпыныс жасап жатқан шақта еліміздің заң ғылымының негізін қалаған да қазақ өркениетінің перзенті – Сұлтан Сартаев болатын.

Академик Сұлтан Сартайұлы Сартаев 1927 жылы 15 қазанда ауылды жерде – Қызылорда облысы, Жаңақорған ауданының Жаңақорған елдімекенінде ауыл еңбекшісінің, майдангердің, үш рет жараланған, сегіз баланың әкесі, соның ішінде үш ұл және бір қыз тәрбиелеп өсірген жанұяда дүниеге келген. Қазақтың ежелгі салты бойынша Сұлтан атасы Алиярдың қолында тәрбие алып, әкесінің атын атап Сартай деп өскен.

Сұлтан ағамыз бір сұхбатында өзінің

еңбек жолы туралы былай деп толғайды: «Қазақстан 1991 жылдың 8 желтоқсанында Кеңес Одағы тарағаннан кейін 8 күн өткен соң дүние жүзіне өз Тәуелсіздігін жариялады. Парламент мінберінде 16 желтоқсан күні оны әлемге жариялау маған жүктелді. Сол сәттегі сезімді әлі күнге дейін сөзбен жеткізе алмаймын».

Ғалымның руханиятқа барынша ден қоятынын оның өзінің туып-өскен жерінде мешіт салуынан көруге болады. 850 адам сиятын ғибадат орнының сырты бұқар кірпішімен безендірілген. Жалпы құны 495 мың долларға түскен. Сосын қазақ даласының ғұламасы, Ислам өркениетінің насихатшысы, имам, ақын Хусам ад-дин Сығанақиге, 17 күрсақ көтеріп, елі үшін қызмет еткен Үміт анаға, Жаңақорған өңірінің тумасы, өмірден ерте кеткен композитор Бексұлтан Байқенжетеевке арнап, басы-аяғы қола мен граниттен жасалған әрқайсысы 6,5 тонналық үш ескерткіш пен бір мешіт тұрғызады. Бұл туралы Сұлтан Сартаев соңғы сұхбатында өмір жолын баян ете келіп, «еліме жасаған жақсылығым осылар» деп сыр ақтарған еді.



Заңғар заңгер

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев «Салық Зиманов ғалым, азамат, мемлекет және қоғам қайраткері» атты республикалық ғылыми-тәжірибелік конференцияда: «Салық Зиманұлы Тәуелсіз Қазақстанның құқықтық негіздерін қалыптастыруға орасан зор еңбек сіңірді. Ол «Мемлекеттік егемендік туралы» декларацияны, «Қазақстан Республикасының тәуелсіздігі туралы» конституциялық заңды, алғашқы Ата Заңымызды әзірлеуге атсалысты.

Сондай-ақ, Қазақстандағы парламентаризм институтын дамытуға айрықша үлес қосты. Әйгілі ғалым, құқық саласының қыр-сырына терең бойлап, тағылымды еңбектер жазып қалдырды. Әсіресе, еліміздің саяси және құқықтық тарихы, билер институты секілді тың тақырыптарды терең зерттеді. Оның мол мұрасы алдағы уақытта да ел игілігіне айнала беретіні анық. Салық Зиманұлы ұлағатты ұстаз ретінде көптеген білікті заңгерлер тәрбиелеп өсірді. Оның шәкірттері ел экономикасының түрлі саласында табысты еңбек етіп жүр» деп заңғар тұлға туралы ерекше ықыласпен пікір білдірген болатын.

Салық Зиманов Қазақстан қоғамы үшін аса ауыр кезде туып, 1921 жыл, құбылып соққан заманалар желіне қарамай, нағыз ер-азаматтың намысты жолымен өсіп-жетіліп, оқып-тоқып өзімен бірге ұлтты жетелеген, Алатаудың биігідей асқаралы деңгейге жеткізген Салық ағаның Қазақстан үшін орны ерекше. Мектепті бітіре салып, қанаты қатаймай жатып-ақ мұғалім болу – бала Салықтың дана Салыққа қарай бастаған алғашқы қадамы еді. Ғалым қазақстандық парламентаризмінің қалыптасуы мен дамуын анықтаған ҚазССР және ҚР Жоғарғы Кеңесінің XII және XIII шақырылымдарында аса белсенді депутаттар қатарында болып, тәуелсіздігіміздің нығаюына атсалысты. Сонымен қатар, заңгердің Қазақ КСР-інің Мемлекеттік Егемендігі туралы Декларацияны, «Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Тәуелсіздігі туралы» тарихи конституциялық заңды, 1993 жылғы Конституцияны әзірлеуде еңбегі орасан болды.

Дайындаған
Айжан БҮРКІТБАЕВА.

ДЕРЕК ПЕН ДӘЙЕК

Қазақстан Конституциясының тарихына үңілгенде зерттеуді сонау Қазақ хандығы тұсында қалыптасқан заңнамалық құжаттардан бастап саралаған жөн. Өйткені, Қазақ елінің алғашқы заңнама құжаттары сол заманда-ақ әзірленгені белгілі. Ендеше, Ата Заңымыздың қалыптасу тарихына үңілейік...

- Қазақ тарихындағы тұңғыш заңнамалық құжат – «Қасым ханның қасқа жолы» деп аталды. Бұл дала заңдары жинағының авторы – Қасым хан.
- Қазақтың ханы Есім хан осы заңға толықтырулар енгізіп, қарашаны тәртіп пен заң алдында тең ұстаған құжат – «Есім ханның ескі жолы» жазылды.
- Қазақ хандығының үшінші заңдық құжаты – Тәуке хан қабылдаған «Жеті жарғы». Заңдық күші бар бұл құжатта жер дауы, жесір дауы, құн дауы, бала тәрбиесі және неке, қылмыстық жауапкершілік, рулар арасындағы дау, ұлт қауіпсіздігін қамтамасыз ету мәселелері қарастырылған. «Жеті жарғының» қағидалары қазақ қоғамында XX ғасырдың басына дейін қолданылып келген.
- «Төрт би, төре заңы». Негізі, «Жеті жарғыдан» алынған. Бұл ұлы дала заңдарының ішінде төре мен қарашаның арасына жарықшақ түсірмей, ақсүйек пен қарапайым жұртшылықты «теңдікке» жүгіндірген алғашқы ереже. 17 тармақтан, 35 баптан тұрған.
- «Абай ережесі». 1885 жылы қабылданған 73 баптан тұратын бұл «Ереже» авторы – Абай.
- 1911 жылы «Қазақ елінің Уставы» деп аталған құжаттың жобасы әзірленді. Бұл тұңғыш қазақ консти-

туциясы жобасының авторы – Барлыбек Сыртанов. Төрт бөлімнен тұратын құжаттың негізгі идеясы – дербес ұлттық егемен мемлекетті қалыптастыру. Бірақ өкінішке орай бұл конституция қабылданбай қалды.

• XX ғасырдың басында ұлт зиялылары құрған «Алаш» партиясының бағдарламасына сол құжаттағы кейбір конституциялық міндеттемелер енді. Алғаш болып оны 1917 жылы «Қазақ» газеті жариялады. Алаш зиялылары құрастырған бұл конституциялық міндеттемелер еуропалық мемлекеттердің заң кодекстеріне сәйкес келді. Құжатта жаңа озық идеялар көрініс тауып, ұлттық автономия құру, сайлаудың жалпы сипаты, мемлекет билігі мәселелері айғақталды.

• Алғашқы Қазақстан Конституциясы 1926 жылы 18 ақпанда КСРО құрылғаннан кейін 1925 жылғы РСФСР Конституциясы ескеріле отырып, ҚазАКСР Орталық Атқару Комитетінің қаулысымен түпкілікті редакцияда қабылданды, өйткені бұл кезде Қазақстан РСФСР-дың бір бөлігі деп саналған.

• Бүкілқазақ Кеңестерінің X съезінде 1937 жылғы 26 наурызда қабылданған Қазақ КСР Конституциясы 11 тараудан және 125 баптан тұрды. Онда «КСРО Конституциясының 14-бабының шегінен тыс Қазақ КСР-і өзінің егемендік құқықтарын толық сақтай отырып, мемлекеттік билікті дербес жүзеге асырады», – деп жазылды.

• IX шақырылған республика Жоғарғы Кеңесінің кезектен тыс VII сессиясында 1978 жылы 20 сәуірде

қабылданған Қазақ КСР Конституциясы кіріспеден, 10 бөлім, 19 тарау және 173 баптан тұрды. Конституцияға сәйкес, бүкіл өкімет билігі жұмысшы, шаруа және еңбек интеллигенциясы таптарына жататын халықтың қолында болды.

• Тәуелсіз Қазақстанның алғашқы Конституциясының жобасы 1993 жылы 28 қаңтарда әзірленіп, XII шақырылған Қазақстан Жоғарғы Кеңесінің IX сессиясында қабылданды. Ол кіріспеден, 4 бөлім, 21 тарау және 131 баптан тұрды. Конституция Қазақстан мемлекеттік егемендігін алған сәттен бергі көптеген құқықтық нормаларды (халықтық егемендік, мемлекеттік тәуелсіздік, қазақ тілі – мемлекеттік тіл, Президент – мемлекет басшысы және т.б.) қамтыды. Бұл Конституция негізіне парламенттік республика моделі алынды.

• Бүгінде қолданыстағы Қазақстан Республикасының Конституциясы 1995 жылы 30 тамызда республикалық референдумда қабылданды. Конституция жобасын талқылауға үш миллионнан астам Қазақстан азаматы жұмылдырылды. Бұл күн мемлекеттік мереке – Қазақстан Республикасының Конституциясы күні болып белгіленді. 1998 және 2007 жылдары Конституцияға Президенттің өкілеттілігін ұлғайту жөнінде елеулі өзгерістер енгізілді.

«АҚШАМ-АҚПАРАТ».

(Дереккөз: e-history.kz/ strategy2050.kz/ massaget.kz/mangilik_el/kazakstanda_jasalgan/).

ЗАҢ және ЗАМАН

Қазақ хандығынан – тәуелсіз Қазақстанға дейін



Асхат АЙМАҒАМБЕТОВ,
ҚР Оқу-ағарту министрі:

АЛМАТЫ БІЛІМ САЛАСЫ БОЙЫНША КӨШ БАСТАП ТҮР

Мегаполис төрінде 23 мыңнан астам ұстаз құлақ түріп, көз тіккен дәстүрлі Тамыз форумы өтті



Соңы. Басы 3-бетте.

«Әр бала өмірге дарынды болып келеді»

Шаһар басшысы форумның пленарлық отырысында модератордың «Мектеп адамның болашақтағы жетістіктерінің негізгі іргетасы екендігімен келісесіз бе? Қазіргі заманауи мектеп қандай өлшемдерге сай болуы керек?» деген сауалына жауап берді.

– Мен Алматыда туып-өстім. Алдымен «Орбита» ықшамауданындағы 68-ші мектепке бардым. Содан кейін оқуымды республикалық физика-математика мектебінде жалғастырдым. Қазіргі қызметімнің физика мен математикаға тікелей қатысы жоқ болса да, мектептен алған білім әлі күнге алдымнан шығады, үнемі көмектесіп келеді.

Білім беру саласы, мектептерді дамыту мәселесі – әкім ретінде мен үшін аса маңызды басымдық. Біздің балаларымыздың болашағы алған білімінің сапасына байланысты. Әрине, бұған ата-анасы мен баланың қоршаған ортасынан алатын тәрбиесін қосудымыз керек. Мектеп – бұл біздің болашақ жетістіктеріміз бен жеңістеріміздің негізі.

Әлемде қазіргі білім берудегі трендтер қандай болуы керек деген тұрғыда көптеген зерттеулер бар. Йель университетінің соңғы зерттеуінде 5 қағида көрсетілген. STEM қағидалары барлық мектепте қолданылуы керек. Жаңашылдық, уақыт көшінен қалмау – уақыт талабы. Мысалы, заманауи технологиялар әлемді өзгертуге қауқарлы. Осының бәрін меңгеріп, пайдалана білуі үшін біздің өрендер цифрлық әлемге жақын болуы керек. Екіншіден, балаларға ерекше, жеке дара назар аудару мүмкіндігі туды. Әр бала өмірге дарынды болып келеді. Ең бастысы, сол талантты тани білу. Егер біз оған дарынын ашуға және одан әрі дамытуға көмектесе алсақ, онда бұл тек баланың өзі үшін ғана емес, ел үшін де үлкен жетістік болмақ, – деді Е.Досаев.

- Жаңа оқу жылында алматылық 50 мұғалім Финляндия мен Эстонияның жетекші мектептерінде тағылым-дамадан өтеді.
- Келер жылдан бастап мұғалімдерді инклюзивті білім беру бойынша оқытудың арнайы бағдарламасы басталады.
- «Алматы жастары» бағдарламасы бойынша жас мұғалімдерге де арнайы квота бөлінеді.
- «Мектеп автобусы» қанатқақты жобасы біздің шаһардан бастау алады.
- Алматының ең үздік мектебіне жергілікті бюджет есебінен 48 млн теңгенің сертификаты табысталды.
- Ұстаздардың жалақысы келесі жылы да өседі.

Жекеменшік мектептердің әлеуеті зор

– Мегаполис әкімінің пікірінше, бүгінгі күні жекеменшік мектептердің әлеуеті зор. «Сапалы адами капитал – бұл біздің кез келген бағыттағы, әсіресе, экономика саласындағы дамуымыздың негізгі көзі. Бүгінгі күні жекеменшік мектеп-

тердің дамуын арттыру үрдісін байқап жүрмін. Мысалы, ұзақ уақыттан бері тек жоғары сапа биігінен көрініп келе жатқан Татос мектебі үнемі өзгеріп отырады. Жаңа мектептерден айтар болсам, бұл NGS, Уәлиханов мектептері, 2 жаңа мектеп ашылуда, олар – Prometheus, Zaman. Бұл ретте мектептердің басым бөлігі – мемлекеттік және солай болуға тиіс. Алайда, мен жеке мектептердің де қарыштап дамығанын қалаймын. Мәскеу қаласында мектептердің үштен бір бөлігі жекеменшік. Біздің мегаполисте де солай болу керек деп ойлаймын. Сапалы білім – жас ұрпақтың болашағы», – деді Е.Досаев.

Осы орайда министр де пікірін білдіре кетті. Ол алдағы уақытта жекеменшік мектептердің тегін оқулықпен қамтамасыз етілетінін тілге тиек етті.

«Қазір жекеменшік мектептердің басым бөлігі қосымша қаржы алмайды. Себебі, жекеменшік білім ошақтарына жан басына шаққандағы қаржыландыру жүйесі енгізілген. Сондықтан аталған мектептер оқулықпен қамтамасыз етілуге тиіс. Сонымен қатар, курс мәселесі туындап отыр. Министрлік алдағы уақытта бұл тұрғыда да тиімді шешім қабылдайтын болады», – деді А.Аймағамбетов.

Жас мұғалімдерге қамқорлық

Форум барысында Алматы қаласының әкімі жас мұғалімдер мен дәрігерлер үшін «Алматы жастары» бағдарламасы бойынша арнайы квота енгізілетінін жеткізді.

– Бізде «Алматы жастары» қалалық бағдарламасы бар. Жыл сайын 1000 адам үшін тұрғын үй сатып алу мақсатында арнайы қаржылық мүмкіндік жасаймыз. Бағдарлама туралы жақсы пікірлер өте көп және оған жыл сайын көптеген үміткерлер қатысады. Сондықтан мен әріптестеріммен осы тақырыпты талқылай келе, бүгінгі алқалы жиында пайдалана отырып, келесі жылдан бастап жас мұғалімдер мен дәрігерлер үшін арнайы квота енгізетінімізді хабарлағым келеді. Яғни 1000 адамның қатарына тағы 100 адам қосылады: жас мұғалімдер үшін – 50 және жас дәрігерлер үшін – 50.

Менің ойымша, бұл бастамасы ғана. Ал егер қаржылық мүмкіндіктер көп болып жатса, онда біз жас мұғалімдер ізгілігі үшін бағдарламаның аясын кеңейтеміз. Бұл қала әкімдігінің өз тарапынан өз бетінше жасайтын қосымша қадамы болмақ, – деді қала әкімі.

Құшақтар гүлге толды

Форум соңында бірқатар ұстаз марапатталып, қуанышқа бөленіп, құшақтары гүлге толды. Оқу-ағарту министрі Асхат Аймағамбетов алматылық 15 педагогты ведомстволық наградалармен марапаттаса, Алматы қаласының әкімі Ерболат Досаев «Білім-инновация» лицейінің директорына «Орта білім беретін үздік ұйым» байқауының жеңімпазы ретінде 48 млн теңге көлеміндегі сертификатты, сондай-ақ, халықаралық олимпиадалардың жүлдегерлерін дайындаған қаланың бес үздік мұғаліміне 500 мың теңгенің сертификатын табыс етті.

Ал №81 мектеп-гимназия директоры Нұрғали Тұрымбетов (Алматы), «Айб» Білім беру қоры қамқоршылық кеңесінің төрағасы Арам Пахчанян (Армения) және «Баска мектеп» кітабының авторы, журналист Александр Мурашев (Ресей) заманауи мектептің бет-бейнесі қандай болу керек деген төңіректе тәжірибелерімен, ой-пікірлерімен бөлісті.

Педагогикалық қызметкерлердің тамыз форумы аясында қаланың білім беру жүйесі жұмысының 11 бағыты бойынша стенд-көрме ұйымдастырылды.

(Ескерту: Форумның жалғасын газеттің 1 қыркүйектегі санынан оқысыздар).

